



XX SÁTBÆV OQÝLARY

XX САТБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BİLİM JÁNE ĞYLYM MINISTRLİĞİ
S. TORAIĞYROV ATYŇDAĞY PAVLODAR MEMLEKETTİK ÝNIVERSITETİ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА



Jas ǵalymdar, magistranttar,
stýdentter men mektep oqýshylarynyŇ
«XX SÁTBÆV OQÝLARY» atty
Halyqaralyq ǵylymı konferensiasynyŇ
MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
молодых ученых, магистрантов,
студентов и школьников
«XX САТБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 6

Pavlodar, 2020

**QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ĞYLYM MINISTRIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTİK ÝNIVERSITETI**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**

**JAS ĞALYMDAR, MAGISTRANTTAR,
STÝDENTTER MEN MEKTEP OQÝSHYLARYNYŇ
«XX SÁTBÁEV OQÝLARY» ATTY
HALYQARALYQ ĞYLYMI KONFERENSIASYNYŇ
MATERIALDARY**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 6

**ПАВЛОДАР
2020**

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 қаз)
Ж 33

Редакция алқасының мүшелері:

Абишев К.К., Ахметов К.К., Бегимтаев А.И., Бексеитов Т.К.,
Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.К., Эрнзаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Аипова А.К., Акылбекова Р.А., Аманбаева С.Б., Амирханова А.Х.,
Ахмадиева А.Т., Аманжолов С.К., Байтемирова М.Ж., Дробинский А.В.,
Евтушенко Т.Л., Еликпай С.Т., Зарипов Р.Ю., Зада Б.С., Жумадилова А.К.,
Жумабаева Г.М., Каппасова Г.М., Калиева А.Б., Кашканова Р.С., Камарова А. Н.,
Кайдарова Г. Ш., Кривец О.А., Куанышева Р.С., Курманова А.Б., Коспаков А.М.,
Кочетков М.Ю., Куандыков А.Б., Мажитова А.Ә., Мустафаева Н.Б.,
Мусаханова С.Т., Несмеянова Р.М., Никифорова В.Г., Новоселова Е.А.,
Ордабаева Ж.Е., Сатыбалдин А.С., Сергазинова З.М., Торайғыров Е.М.,
Чидунчи И.Ю., Ысқақ Б.Ә., Юсупова Б.С., Юношева Н.Ф.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының
«ХХ Сәтбаев оқулары»: Халықаралық ғылыми конференциясының
материалдары. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020.

ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы)
Т. 6. «Студенттер». – 2020. – 311 б.
ISBN 978-601-345-044-5

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 қаз)

ISBN 978-601-345-044-5 (Т. 6)
ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020

1 Секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму
1 Секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.1 Заманауи білім беру үрдісі. Педагогика
1.1 Современный образовательный процесс. Педагогика

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

АБИШЕВ Ф. Е.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

«Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі». Қазіргі кезде елімізде мүмкіндігі шектеулі ересек жандарды қоспағанның өзінде 150 мыңнан аса мүгедек бала өмір сүруде. Бұл әрине кынжылтарлық жағдай.

«Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қолдау туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық көмек көрсету туралы» ҚР-ның Заңдарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамаған емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі, жарымжан жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді тандап алмаса керек. Мүмкіндігі шектеулі жанды көргенінде аяушылықпен қарап, бүгінгіне шүкіршілік етесің. Ал олардың хал-ахуалын, жүрек түкпіріндегі күйзелісін біз қанша ойланып, тебіренсек те жеткізе алмасымыз хақ. Олар іштей жан азабын тартып, күйзелгенімен өмірде мықты, қандай қиындыққа болсын мойымай, қайсарлық танытқанын көргенде еріксіз қайран қаласың [1,18 б.].

Ал осы мүмкіндігі шектеулі жандар тек қоғамдық қамқорлықпен ғана емес білім беру саласында да басты назарда. Мұндай жандар оң солын танып, білім алып, толыққанды азамат болуы үшін білім беру саласы да өз мүмкіншілігіне орай біліммен қаруландыруда. Ол үшін арнайы мектептер мен арнайы сыныптар, немесе үй жағдайында білім алуына жағдайлар жасалып отыр. Бұл балалармен арнайы білімі бар педагогиканың, психологияның, дефектология мен логопедияның қыр-сырын терең меңгерген ұстаздар білім беруде.

«Тәрбиеші бүгінгі заман талабына сай өзінің педагогтік мамандығының кілтін шебер ұстаған, жан-жақты терең білімді, сегіз қырлы, бір сырлы, ашық жарқын жайдары жүретін, қажырлы қайратты, инициативашыл, қатал талап қойып, оның нәтижесін тексере білетін еңбекқор жан болуы керек. Қарым-қатынас кезінде әр баланың жан-дүниесін сезініп кемшіліктерін түзетіп, жетістіктерін дамытатындай болғаны дұрыс деп ойлаймын.

Алайда оқыту қиын, бірақ жанында ізгілік пен жанашырлық, өз ісіне деген сүйіспеншілікті бойына сіңіре білген ұстазға жұмыстанудың өзі ғанибет болары шындық. Сыныпта оқушы саны көп, әр балаға жеке көңіл бөліп, назардан тыс қалдырмай жұмыстану керек, алайда осы жайт ескерусіз қалып жатары өтірік емес.

Оқу материалын қуып жету, бағдарламаны игеру барысында біз, оқушының деңгейіне мән бермей қалатын жағдайлар болады, нәтижесінде көптеген оқушылар осы деңгейге жетпей қалу салдарынан үлгермеушілер қатарына жатады. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз [2, 102 б.].

Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогресске бірнеше факторлар әсер етуде: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, тіпті жоқтығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану.

Компьютерді пайдалануда дидактикалық мүмкіндіктерді, танымдық процестерді ескеруге болады; логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру, ақыл-ой белсенділігі мен білім алуға деген қызығушылығын, шығармашылық еңбек етуіне бағдарлау. Өйткені құлақпен естігеннен гөрі-көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну әрине ерекше әсер етеді.

Инклюзивтік оқыту қазіргі кезде білім беру саласына етек жайып келе жатыр, бұл дегеніміз сапалы білім алудың барлығы үшін тең болуымен ескеріледі. Жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау.

Жалпы мектептердегі мұғалімдер кемтар бала сыныпқа келген кезде оны қандай оқулықтармен оқытап, қандай әдістемелік құралдарды пайдалану керектігін білмейді. Бұл мәселенің артынан туындайтын мәселе-кадр жеткіліксіздігі.

Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау қазіргі кезде қолға алына бастады.

Арнайы білім беру орнында мүмкіншіліктері шектеулі балалардың толықтай дамуына, өзгерістерді түсінуіне, өз бетімен білімін жетілдіруіне барлық жағдай жасалған, мұнда балалар тікелей дәрігерлердің бақылауында болады.

Тәрбиеші баланың шындықты тануға ақыл-ой сезімі ең алдымен таңданудан басталады. Таңдану баланың әрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Кейбір балалардың ақыл-ой белсенділік қабілеті жетілмей, артта қалып қойып жатады. Оның бірнеше сеептері бар негізіне тұқым қуалаушылық, ортаның экологиялық әсері, отбасының әлеуметтік жағдайы. Мұндай ауруларға ұшыраған балалар дене кемістігімен қоса, ақыл-ой кемшілігін қосып алып, даму мүмкіндігі артта қалған балалар санын құрайды. Сонымен бірге бұл топқа дені сау, бірақ тұрмыс жағдайының ауыр болу себептерінен бір қалыпты дамымай қалған балаларды да жатқызуға болады.

Мұндай балалармен қарқынды терапиялық жұмыстар жүргізе отырып, оларға дәрілік емдеу, физио, психотерапия, емдік дене шынықтыру жаттығулары, жалпы денсаулыққа пайдалы, әсер ететін емдеу шаралары қолдану керек. Ақыл ойы-кем балаларды оқытудың негізгі әдісі-біріктіру болып табылады. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерін анықтап, білім беру стандартына сай қалыпты дамуын қадағалап, зейін тұрақтылықтарын дамыта отырып оқыту, тәрбиелеу [3, 141 б.].

Қазіргі кезде қолданылып келе жатқан әдістің бірі-біріктіре оқыту. Біріктіре оқыған балаға түзету жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі керек. Біз ел болып, етек жинаған еңселі елміз, сондықтан қоғамдағы жайттар басты назарда болу керек. Ең алдымен мүгедек, жарымжан балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасау қажет.

Сондықтан осындай кемшіліктерді анықтайтын шағын кабинеттерашып, арнайы жұмыс жүргізіп, әрбаланың қабілеті мен даму мүмкіндігін анықтаса, оларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізіп, үй жағдайында өсіріп тәрбиелеуде ата-анаға ақыл-кеңестер берілсе бұл да мүмкіндігі шектеулі балалар үшін атқарылған игі істің бірі болар. Өйткені ата-ана бұл жағдайды басынан бір жақты болып өткеруде,

бұл кезде ата-анаға арнайы маманның көмегі, ақыл-кеңесі және балаға аялы алақанмен жан жылуы, ары қарай бұл жағдаймен күресуіне маманның түзету жұмысының көмегі қажет екені баршаға аян. Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Мұғалім білім беру ісінде әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың нақтамасына қарай жұмыс жүргізсе бұл да түзету жұмысының бір қыры болары сөзсіз.

Бүгінде денсаулықты нығайту және мүгедектікке әкеп соғатын патологияларды азайту мәселесінде, ең алдымен балалардың бойындағы ауытқушылықтарды, олардың сәби кезінде уақтылы анықтау бойынша жұмыс күшейтілді. Мысалы, кемтар балалардың үштен бірінің мүгедектігі – туа біткен кемістіктердің әсері болуымен байланысты.

«Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған ғой, осы өзгерістер арқылы – мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына араласуына үміттері қайта оянып, өз балдары ешкімнен кем еместігін, қоғам бұған бей-жай қарамайтынын түсінеді [4, 255 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Грошенко, И. А. Основные принципы работы по развитию познавательной деятельности у умственно отсталых школьников в процессе игр. – //Дефектология. – Питер, 1980. – 18–24 с.
- 2 Власова, Т. А., Лубовский, В. И., Цыпина, Н. А. Дети с задержкой психического развития / Под ред. М., 1984. – 412 с.
- 3 Переслени, Л. И. Механизмы нарушения восприятия у аномальных детей психофизиологическое исследование: Учебник для вузов. – Москва, 1984. – 198 с.
- 4 Щевченко, С. Г. Коррекционная развивающая обучения: Учебное пособие. – Москва, 1999. – 255 с.

ТІЛІНДЕ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

АБИШЕВА А. С.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңнамасында «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және ой өрісін дамытуға бағытталған арнайы түзету, оқыту бағдарламаларына сәйкес түзету жұмыстары жүргізілсін» – деп көрсетілген [1, 98 б.].

Ал, даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын қарастыратын-дефектология. Дефектологияның бір бөлігі-логопедия. Алғаш XVII ғасырда қолға алынғанымен тілінің мүкісі бар балаларды медицина және психология жолдарымен зерттеп, тиісті емдеу шараларын қолданудың жолын табу әрекеттері XX ғасырдың 30 жылдарына дейін созылды.

Логопедтердің айтуынша бала 4–5 жаста ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айта білуі керек. Бірақ мектеп жасына дейінгі балалардың арасында кейбір дыбыстарды бұзып, алмастырып шатастырып айту жиі кездеседі. Әсіресе жиі бұзылатын дыбыстар: с, з, к, ш, ж, ч, щ, р, л, н. «Тіл-ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал» деп Ж. Аймауытов айтып кеткен. Ал әртүрлі дәрежедегі тілдің кемістігі балалардың психикалық, физикалық, ақыл-ойының дамуына кері әсерін тигізеді, баланың жеке тұлға боп қалыптасуына кедергі болады, бала тұйық, сенімсіз, ұялшақ болып келеді, көп сөйлеуге тырысады, сөйтіп баланың мінез-құлқы өзгереді. «Есейген соң өзі түзеліп кетеді»-деп көбінесе ата-аналар ақаулықтарға көңіл бөлмейді. Дыбыс айтылуындағы кемістіктер баланың оқу, жазу дағдыларының, мінез-құлқының қалыптасуына, сабақ үлгеріміне көп әсер тигізеді. Мектепке барғанда оқу үлгерімі нашар болып, өскенде мамандық таңдауы да қиындық туғызады. Сондықтан, ондай балаларға міндетті түрде логопедиялық көмек ертерек жүргізген қажет [2, 58 б.].

Жоғары да атап кеткенде логопедия тіл кемістіктерін, оның себептерін болдырмауды зерттейді.

Тіл мүкістіктерінің түрлері де, себептері де көп.

Баланың сөйлеу тілі патологиясының негізгі себептері:

Әртүрлі ішқұрсақ патологиясы іштегі нәрестенің дамуына зиянын тигізеді. Сөйлеу тілінің ең ауыр кемістіктері іштегі

нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық арасындағы дамуының бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының екіқабат кезіндегі таксикоз, вирусты және эндокринді аурулар, жарақаттар резус-фактор бойынша қанның сыйымсыздығы және басқалар әсер етуі мүмкін;

Босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі асфиксия (оттектің жетіспеуі)

Өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар;

Бас сүйегінің жарақаттануы;

Тұқым қуалаушылық факторлар;

Әлеуметтік тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы.

Бұл себептерден пайда болған тіл мүкістіктерін түзету үшін арнайы әдіс-тәсілдерді, жаттығуларды қолданған жөн. Артикуляциялық жаттығулардың негізгі мақсаты тіл дыбыстарын дұрыс айтуға, керекті сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын толық жетілдіру. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарын, қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әртүрлі атпен аталады. Мысалы:

«Күрекше» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек. «Инеше» – ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – аузынды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек.

«Түтікше» – жалпақ тілді ауыз қуысына шығарып, тілдің бүйір жақтарын көтеріп түтікшеге үрлеу. Жаттығуды жайлап жасау керек.

«Ожау» – ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15–20 рет қайталау керек.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Алтыбақан» – жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созып жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10–15 рет қайталау керек.

«Тәтті тосап» – жалпақ тілді шығарып жоғары жоғары ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару (10–15 рет қайталау)

«Тоқылдақ» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғары альвеоларға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек.

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру-айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардың тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

Қазіргі кезде тіл кемістіктері бар балалар санының артуы байқалуда. Ал, осы кемістіктерді жоюдағы тиімді әдістердің бірі-логопедиялық ритмика, бұл – белсенді терапияның бір түрі. Ол алдымен мынандай мақсат қояды: тіл кемістігі бар балалардың сөзді, әуенді қолдана отырып, сөйлеуін түзетуді дамыту [3, 110 б.].

Логоритмика – қимыл әрекеттерге арналған жаттығулардың жүйесі. Әр түрлі қимылдар арнайы сөздік материалдың сөздерін қайталаумен бірігеді. Ол белсенді терапияның түрі, сөйлеу тілдік немесе тілдік емес психикалық функцияларын дамыту мен түзету жолдарымен сөйлеу тілін және қосалқы бұзылыстарды түзетеді, соңында адамды ішкі және сыртқы ортаның жағдайына бейімдейді. Музыка тек қимыл-әрекетті қолдамай, басқару бастамасы да бола алады. Логоритмика сенсорлық жағдайының, сөз қимылды әрекеттерінің жағымды түрде қайта құрылуы жүреді және тұлғаның ерік-жігер сапалығын тәрбиелейді.

Логоритмиканың мақсаты: дамыта-тәрбиелеу және түзету бағытымен қимыл-әрекет аймағын сөзбен және музыкамен біріктіріп сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын-алу және түзету. Логоритмикалық сабақтарда бірнеше мақсат қойылады:

- артикуляцияның қимылдарын нақытлау;
- фонематикалық қабылдауының дамуы артады;
- сөздік қоры кеңейтіледі;
- қимыл-әрекет есте сақтауы және есту зейіні дамиды;
- жалпы және ұсақ моторикасының қимылдары артады;
- қимыл-әрекетінің нақтылығын, үйлесімділігі қалыптастырылады;
- әуенді-интонациялық және просодиялық компоненттерінің дамуы артады;

- шығармашылық қабілеті артады;

Логоритмикалық сабақтарға саусақ ойындары немесе саусақ массажы, көзге арналған жаттығулар, әуен арқылы әртүрлі бағытта жүру, жүгіру, тақпақ-өлеңнің сөздерін қимыл-әрекетпен көрсету, мимикалық жаттығулар, сонымен қатар әуен арқылы релакция жаттығулары, сөз ұйқастар, әуенді, сөйлеу-тілді ойындар кіріктіріледі. Түрлі ритмикалық қимыл-қозғалыстар адамның ми жұмысын белсендіріледі. Сондықтан, интеллектісі анық дамымаған балалар мен логоритмика сабақтарын ерте жастан бастау керек.

– дыбысты бекітуде және машыктандыруда сөз ұйқастарды қолдану, фонопедиялық жаттығуларды жүргізу. Дыбыс айту қабілетін түзету, көмекейін қатайту және сөйлеу тілі тыныстануын қалыптастыру;

– балалардың жасына сай жалпы моторикасын дамыту жаттығулары. Бұлшықеттерінің қимылдарын дамыту;

– мимикалық бұлшықеттерін дамыту жаттығулары;

– сөз шешендігін дамыту жаттығулары. Белсенді сөз қорын кеңейту;

Тіл кемістігі күрделі балалармен логоритмика сабақтарын жүргізу:

– Балалардың қимыл қозғалысын қалыптастырады, сымбатын, жүрісін, қозғалысыны түзейді, шапшаңдықтың, ептіліктің, күштіліктің, төзімділіктің дамуына ықпал етеді, кеңістікті бағдарлай білуге үйретеді, сүйек-бұлшықет аппаратын қатайтады.

– тыныс алуды, моторлық функцияларды, есту, көру ынтасын, есте сақтауды, бет мимикасын дамытады.

– ырғақ, қарқынды сезімін, фонематикалық есту.

– еркін тыныстауға, қалыпты жағдайға түсуге көмектеседі.

– жеке тұлғалық қасиеттердің дамуына, ұйымшылдыққа, батылдыққа, өзіне деген сенімділікке тәрбиелейді.

Логопедиялық сабақтардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шындалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

Қимылды ойындар. Сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларда қимыл бұзылысы жиі кездеседі: қимылдың епсіздігі жинақылық емес ебедейсіз, әр түрлі қимыл икемсіздігі. Сол үшін қимылды ойындардың алатын орны ерекше. Балалар қажет қимылды шындайды, ұжымдық ойындар ойнауды үйренді. Олар үшін дыбысталған қимылды ойындардың маңызы зор, логопедияда бұл ойындар логопедиялық ритмика деген атаумен таныс. Бұл ойындар алада дұрыс тыныс өлең мен дыбыстауды, қимылды сөзбен ұштастыруды тәрбиелеуге әсер етеді.

Шығармашылық ойындар. Бұл ойында балалар өз ойын қиялын, қоршаған әлемнен алған әсерін өз білімі мен тәжірибесін көрсете алады. Шығармашылық ойынның бір түрі құрылыс заттарымен ойнау. Бұл ойынға баланың кеңістікте бағдарлануына көлем мен сан, сапа туралы түсінігін дамытуға әсер етеді.

Құрылыс ойындарында кубиктер, қораптар, баулар, құм, сазбалшық, т.б. қолданылуы мүмкін және де құрылыс ойындарын сондай-ақ түзету мақсатында да қолданады: баланың байсалды мінезіне, сабаққа өзгерту енгізу үшін. Құрылыс ойындарын бірінші логопедиялық сабақтарда ғана қолдануға болады. Бұл баланың сөйлеуімен байланысты. Жеке заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.

Драммалық ойындары өте қызықты өтеді. Бұл кезде балалар сүйікті ертегілерін айтады, ертегі кейіпкерлерін салады, диалог жүргізеді. Егер қажетті киімдер мен бетперделер дайындалса ойын одан әрі қызығырақ болады. Драммалық ойыны бала бақша қуыршақтары мен де жүргізіледі. Бұл ойын бала дұрыс сөйлеуге үйренгеннен кейін ғана ойнатылады. Ойынды өткізу үшін жақсы дайындалу керек. Алдымен балаларға ертегіні оқиды, сұрақтар қояды, қимылдарды бейнелейді. Осыдан кейін ғана барып ойынға кірісуге болады.

Мағыналық-рөлдік ойындарда баланың өмір туралы түсінігі кеңейеді. Мағыналық – рөлдік ойындардың тақырыбы әртүрлі әрі балаға жақын болуы керек. Логикалық сабақтарда рөлдік ойындар бала еркін сұрақтарға жауап бере алғанда ғана ойнатылады.

Сонымен қорыта келе, балаңыздың тіл кемістіктері болса, оны міндетті түрде білікті логопед мамандарына көрсету керектігінің маңызы зор. Өйткені бұл баланың тұлға ретінде дамуына айтарлықтай әсерін тигізеді [4, б. 169 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әмірова, М. Халық педагогикасы. Асыл мұра: Алматы, Бастауыш мектеп, 1994. – 170 б.

2 Зайцева, Г. Л. Современные научные подходы к образованию детей с недостатками слуха: Основные идеи и перспективы, М., 2005. – 52–70 с.

3 Лапшин, В. А., Пузанов, Б. П. Основы дефектологии. – М.: Наука, 1990. – 120 с.

4 Өмірбекова, Қ. Қ. Балқыбеков, В. С. Сөйлеу тілінің фонетикалық жағын тексеру және дамыту. – Алматы: Кітап, 2003. – 190 б.

ЗИЯТЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ САЛАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АКАДЕЛОВА З. З.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керектігін, олардың тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алатындығын жеке атап көрсетті. Сонымен қатар, оларды белсенді өмірге тарту мәселесі, өздерін қоғамның мүшесі ретінде пайдалы еңбекке қосу туралы атап өтті.

Түзету педагогикалық көмекті қажет ететін балалар тобында зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалар ерекше орын алады, бұл топтағы балалар осы уақытқа дейін арнайы ұйымдастырылған білім беру және дамыту ортасына қосылмай келгені көпшілікке мәлім. Дегенмен, соңғы жылдары психикалық және дене дамуында ауытқулары бар балалардың көптеп туылуына байланысты бұл мәселеге көзқарасөзгеруде.

Кеңес Үкіметі кезінде оқуға қабілеті бар балалар арнайы білім беру мекемелеріне жіберілген болатын, яғни олар арнайы бағдарлама материалын меңгеруге тиісті еді. Ал, зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалар әлеуметтік қорғау жүйесіне қарайтын және тек қана медициналық көмек пен қарапайым күтім көрсетілетін интернат-үйлерінде тұратын.

Қазіргі таңда арнайы интернат-үйлері медициналық-әлеуметтік, психоневрологиялық аурулары бар тұлғаларға арналған мекемелер болып өзгертілді, яғни бұл жерде медициналық көмекпен бірге түзете-дамыта оқыту, еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру жұмыстарды жүргізу ұйымдастырылған [1, 360 б.].

Батыс Еуропада қалыптасқан дәстүр бойынша ата-аналар мен қамқоршылар зиятында ауыр және терең ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін мемлекеттік немесе жеке меншік білім беру мекемелерін таңдауға құқылы. Бұл топтағы балалар бастауыш және кәсіби білім алуға құқылы. Бастауыш білімнің мазмұны –

оқу, жазу, есептеудің қарапайым деңгейіндегі білім, икемділік пен дағдыны қамтиды.

Қазақстан Республикасында мүмкіншілігі шектеулі балаларға оңалту мен білім беру көмегінің жаңа ықпалы 2002 жылы 11 шілдеде қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңында көрсетілген. Осы заңда зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балаларға үй жағдайында әлеуметтік көмек көрсету бөлімі анық көрсетілген.

Жоғарыда айтылған мәселеге байланысты арнайы оқыту бағдарламасын құру қажеттілігі пайда болды. Біздің елде осы уақытқа дейін зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балаларға арналған бағдарлама болған жоқ. Ресейде 1976 жылы А.Р.Маллер мен Г.В.Цикото құрастырған «Программа для воспитания и обучения глубоко умственно отсталых детей», 2003 жылы Е. А. Екжанова мен Е. А. Стребелева құрған «Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта» сынды бағдарламалар жарық көрді. Осы негізде 2009 жылы Р. А. Сүлейменова және Г. А. Ильмуратова атты ғалымдарымыз «Коррекционно-развивающего обучения детей с тяжелой и глубокой умственной отсталостью» атты арнайы бағдарлама өңделді.

2005 жылы ұлттық-ғылыми тәжірибелік түзету-педагогикалық орталығында аталмыш балаларға арналған күндізгі бөлім ашылды. 1994 жылы бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының қабылдаған жіктеуі бойынша зияттың төмендігі төрт негізгі деңгейге бөлінеді: жеңіл – F70, орташа – F71, ауыр – F72, терең – F73.

Зиятында ауыр және терең ауытқуы бар балалардың психикалық және дене дамуының жағдайларын сипаттай келе, келесідей ерекшеліктерді атауға болады: бұл топтағы балалардың қимыл-қозғалыстары баяу, мақсатсыз, жүру немесе жүгіру үрдісі кезінде қиындық танытады, бір әрекеттен екінші әрекетке ауысу қимылдары шектелген, сөздік нұсқауларды қимыл-қозғалыспен сәйкестендіре алмайды. Ал, кейбір балалардың қимылдары керісінше, өте жылдам және мақсатқа сай бағытталмаған [2, 21 б.].

Егер зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалардың жалпы моторикасын сипаттайтын болсақ, онда бірінші орынға қимылдың ұғымдық құрылымының дамымағандығы алға шығады, яғни баланың тірек-қимыл қозғалыс аппаратының жағдайымен кейбір қимылдарды немесе қимылдардың элементтерін орындай алады, бірақ та тапсырманы түсіне алмауының себебінен қимыл-

қозғалыстарды толығымен орындай алмайды. Сондықтан да, бала бөлмеде мақсатсыз ары-бері жүреді немесе бір орында отыра береді. Екі жағдайда да баланың кеңістікте бағдарлай алмайтындығын байқауға болады. Олар кеңістіктің шекараларын қабылдамайды, сонымен қатар өзінің бөлмеде тұрғанын түсінбейді.

Зиятында ауыр және терең ауытқуы бар балалар қоршаған орта болмыстарын үстіртін қабылдайды. Мысалы, бала пирамиданы жинау барысында оның сақиналарын таяқшаға кигізу қимылдарын меңгереді, ал егер басқа материалдан жасалған, көлемі, түсі басқа пирамиданы ұсынып, дәл сондай тапсырма берілсе, бала бұл тапсырманы орындай алмайды.

Түзету жұмысының нәтижесінде балаларда қарапайым елес пен түсініктер пайда болады. Мысалы, олар қабылдаған объектілерді біріктіре алады (киім, аяқ киім, ыдыс).

Зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалардың көңіл-күйлері әр уақытта көтеріңкі болады, бірақ оның сол жағдайда қарапайым қажеттілігінің болмауынан (қарнының ашуы, шөлдеу, таныс емес бөлме) көңіл-күйлері кенеттен өзгереді. Мұндай балалар тез шаршағыш келеді, зейінін жинақтай алмайды. Эмоционалды реакциялары кедей, мысалы, қолындағы затты тартып алса, ол ренжігенін көрсетпейді, бірден жылап қалады.

Бұл топтағы балалардың зейіні тұрақсыз, бір әрекетте тоқталып қалумен шектеледі. Бір әрекетті меңгеріп алған соң, сол әрекетті мақсатсыз қайталаудан жалықпайды. Зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалар ересектерге және де басқа адамдарға еліктей алмайды. Кей жағдайда ғана күнделікті кездесетін тұрмыстық үрдістерді қайталайды. Мысалы, сыпыру, үстелдің үстін сұрту, телефонмен сөйлесу және т.б. Аталмыш балалардың сөйлеу тілінің барлық жағы дамымаған болып келеді. Зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалар нұсқауды түсінбегендіктен, олардың артикуляциялық аппараттарының қозғалысын тексеру оңайға соқпайды. Бұлшықет қозғалмалылығы өте төмен, еріндері әлсіз және толық жымқыру мүмкіндігі жоқ. Тілдерінің ұшы болмайды, әдетте тілдері өте үлкен және балалардың көпшілігінде сілекей бөліну үрдісі қарқынды жүреді. Артикуляциялық аппараттың бұзылыстарынан тыныс алу жетіспеушілігіне алып келеді. Ал, балалардың көпшілігі қарым – қатынаста сөйлеу тілінің қажеттілігін түсінбейді. Нұсқауды белгілі бір әдеттегі жағдайда еліктеу арқылы, не болмаса дауыс ырғағына қарай қабылдайды [3, 274 б.].

Лексикалық сөздіктің кеңеюі мен белсенді сөйлеу тілінің дамуының арасында тікелей тәуелділік жоқ, яғни бұл артикуляциялық аппараттың кемістігі, фонематикалық қабылдаудың бұзылысы және ақпарат алмасу қажеттілігінің төмендігімен байланысты.

Зиятында терең бұзылыстары бар балалардың ойлауы жүйесіз. Көп жағдайда ойлау операциялары мүлдем болмайды, болған жағдайда – ұғымдық байланыстары әлсіз келеді. Кей жағдайда балалар қарапайым жалпылауды орындауға қол жеткізеді (мысалы, егер ыдысты алып беру ұсынылса, онда ол кесе немесе төрелкені көрсетеді). Өзіндік тәжірибені іс жүзінде өңдей алмайды, бірақ тұрмыстық жағдайда белгілі бір деңгейде бақылау мүмкіндігіне ие. Басқа балалармен қарым – қатынасқа түспейді және оларға зейін салуы эпизодтық тұрғыда болады. Ереже бойынша, бала өзінің орындаған әрекетіне көңілі толмайды.

Ойыншықтарға деген қызығушылығы төмен. Ойыншықтармен әрекет барысында тұрпайы қимыл – қозғалыстар жасайды, бала өзінің әрекетінің нәтижесінде бағытталмайды. Балалардың кейбірі қарапайым белгілер негізінде заттардың айырмашылықтарын ажырата алады (доп домалайды, кубик домалайды).

Жалпы моторикаларының дамымауынан еліктеу қабілеті, заттық әрекеттің дамуы, өз-өзіне қызмет көрсетуі баяу және кеш қалыптасады. Мұндай балалар талапты түсініп, орындау қабілетінен қатты шектелген. Ой – өрісінің жетілуіне жағдай жасайтын таным үрдістері – зейіні, қабылдауы, есте сақтауы дамымаған.

Балалар дыбыстық тітіркендіргіштерге назараудармайды.

Зиятында ауыр бұзылыстары бар балалардың көпшілігі баяу қозғалады немесе қозғалу мүмкіндігінен айырылған. Бала өз дене жағдайын түсінбегендіктен, ол ыңғайсыз отырғанын түсінбеуі де мүмкін, сондықтан орындыққа ыңғайлап отыра алмайды немесе қолын созып қажетті затты ала алмайды. Бас миы органикалық түрде қатты зақымдану себебінен, балалардың біршамасы тұра алмайды.

Сөйлеу тілі жоқтың қасы, жеке дыбыстар ғана шығарады. Кейбір жағдайда қоршаған ортадағы адамдардың назарын аудару мақсатында дыбыстық реакцияларды пайдаланады. Балалардың өздерінің негізгі қажеттіліктеріне жағдай жасауды түсінбейді. Көпшілігінде шайнау және жұту актілері болмайды. Сондықтан да, олар басқа адамдарға тәуелді болады.

Кемістіктері өте терең балалар қарапайым эмоцияларын көрсете алмайды (күлу, жылау). Балалардың көпшілігінде аутоагрессиялы талмалары болады (өзіне зақым келтіруге талпыну). Эмоциялары

қарапайым, яғни қанағаттану немесе қанағаттанбаусезіміменанық талады. Соныменқатар, зиятындатереңауытқуыбар

балалар ересектер тарапынан берілетін эмоционалды қарым – қатынас белгілеріне немқұрайлы қарайды.

Көптеген бұзылыстар екіншілік болуы мүмкін екенін айта кеткен жөн: таным әрекетінің бұзылысы баланың дамуына себеп болатын барлық үрдістердің ауытқуына алып келеді. Бұл бұзылыстардың жиынтығы ерте балалық шақта анықталып, ағзаның ары қарай дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан да зиятында ауыр және терең бұзылыстары бар балалардың психикалық үрдістерін дамыту түзету жұмыстарының негізінде жүзеге асады [4, 118 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Акатов, Л. И. Социальная реабилитация детей с органическими возможностями здоровья. Психологические основы: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. завед. – М. : Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 368 с.

2 Гальперин, П. Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. М, 1985. – 45 с.

3 Кумарина, Г. Ф., Вайнер, М. Э., Вьюнкова, Ю. Н. Коррекционная педагогика в начальном образовании: Учеб. пособие для студ. средних пед. учеб. заведений // Под ред. М. : Академия, 2003. – 320 с.

4 Ткачев, В. В. Дамуы тоқтаған балалардың отбасына психологиялық көмек көрсету технологиясы. Астрель, 2007. – 318 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ АРНАЙЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ

АЛПЫСБАИ Д. С.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Инклюзивтік білім беруді дамытудағы басты бағыт – дамыудағы ауытқуларға ерте араласу – жеткіліксіз дамыда. Бүлдіршін жастағы балаларды түзету педагогикалық көмекпен қамтудың төмендігі дамуында ауытқуы бар балаларды оңалтудың тиімділігіне кері әсерін тигізіп отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды сүйемелдеу бойынша психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін

(ППТК) ашу қажеттілігі 54 бірлікті құрайды. Психологиялық педагогикалық түзету кабинеттерінің ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды түзету көмегімен қамтуы жеткіліксіз (10-нан 40 %-ға дейін). Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуында қазіргі заманға сай моделін құрудың басты бағыты – бұл білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдайларды жасау. Жоғарыда көрсетілген мәселелер мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беруде әдістемелік ұсынымды әзірлеуге түрткі болды.

Әдістемелік ұсынымның мақсаты: инклюзивтік білім беру кезінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік ортаны бейімдеу;
- мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық қолдау үшін пункттер құру;

- мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру болып табылады. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа және толеранттылыққа тәрбиелей аламыз. Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр.

Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті. Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасында шешімін тапты [1, 10 б.].

«Қазақстан Республикасының 2011–2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасында» көрсетілгендей ҚР білім беру саясатының құзырлы міндеті – білім беру сапасын көтеру болып табылады. Басты міндеттердің бірі халықтың барлық сатыдағылары үшін сапалы білім алудың қолжетімдігін қамтамасыз етуді қарастырады. Осы тұжырымдардың барлығы мүмкіндігі шектеулі балаларға да қатысты және 2002 жылы жарық көрген «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында бекітілген. Осы заңды жүзеге асыру бағытында республикада ана тілінде оқытудың психологиялық және педагогикалық теориясы мен

практикасын дамытудың жағымды нышандары жасалуда. Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар-ожданын кемсітетін, оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады.

Осы мақсатты жүзеге асыруда біз оқушының деңгейіне мән бермейміз, нәтижесінде көптеген оқушылар осы деңгейге жетпей қалу салдарынан үлгермеушілер қатарына жатады [2, 10 б.].

Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі себебі мектептегі білім беру жүйесінің баланың интеллектуалдық жүйесіне сәйкес келмеуі. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсіне отырып, оны беделді мектепке, мықты мұғалімге беруге тырысамыз. Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогреске бірнеше факторлар: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, жоқтығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде. Арнаулы білім беруді кез келген білім беру реформаларының бағдарламаларына енгізу, жоспарлау кезінде мүгедек балалардың нақты мүмкіндіктерін ескеру, білім сапасын жақсарту және оны алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету, арнаулы заңдарды әзірлеу, ерекше білім алу қажеттіліктері бар адамдардың санаттарының құқықтарын қамтамасыз ету осының барлығы жағдайды едәуір өзгертіп, барлық адамдардың білім идеяларын іске асыру үшін алғышарттар жасап, үйден оқыту мәселесін қатаң қадағалау қолға алынып отыр.

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады; логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек

етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі.

«Бәріне бірдей мүмкіндік» принципін ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбіне «Сапалы білім барлығы үшін» түсінігімен бірге қолданылады. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбінде арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Жалпы мектептердегі мұғалімдер кемтар бала сыныпқа келген кезде оны қандай оқулықтармен оқытап, қандай әдістемелік құралдарды пайдаланады соны білмейді. Бұл мәселенің артынан туындайтын мәселе – кадр жеткіліксіздігі. Шындығында олар оқшауланған қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді - енді қолға алына бастады [3, 111 б.].

Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

Баланың шындықты тануға ақыл-ой сезімі ең алдымен таңданудан басталады. Таңдану баланың әрбір нәрсенін, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Ақыл-ой сезімі адамның кез келген әрекеттегі рухтандырушылық маңызы зор көңіл-күй болып табылады. Ал сондай ақыл-ой сезімі кейбір балада жетілмей артта қалып қояды. Оның себебі негізіне тұқым қуалаушылық, ортаның экологиялық әсері, отбасының әлеуметтік жағдайы. Мұндай ауруларға ұшырау салдарынан жапа шеккен балалар, дене кемістіктеріне ақыл-ой кемшілігі қосылып, ақыл-есі тоқырап қалған балалар, тағы да басқа себептермен кеміс болып қалғандар жатады. Сонымен бұл топқа дені сау, бірақ тұрмыс жағдайының ауыр болу себептерінен бір қалыпты дамымай қалған балаларды да қосамыз. Мұндай жәйттер негізінен әлеуметтік жағдайларға байланысты.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет, яғни баланың жанына жақын заттарды еске сақтату, ойландыру, елестету, бала бойындағы түрлі қабілеттерін дамытумен тығыз байланысты. Мүмкіндігі шектеулі баланың дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте

зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, еске сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің қадыр-қасиетін қамтамасыз ететін, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесуін толыққанды жағдайлардайлықты өмір сүруге, яғни, мүмкіндігі шектеулі балаларға жан-жақты педагогикалық қолдау көрсетіліп, әрбір бала шама-шарқына қарай білім көлемін меңгеруде. Интеллектуалдық жетіспеушілік салдарынан мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыптасуы әртүрлі аспектілерінде қиын жағдайларда өтеді. Олар мадақтауға, қолдауға және ренжісуге әсершіл болып келеді. Дегенмен, жаратпау және еркелету эмоцияларын ажырата алады. Бірақ, өз эмоцияларын вербалды түрде көрсете алмайды. Өзінің адамдарға деген қатынасын жымыюмен, адам бетіне аянышты түрде қараумен білдіреді. Негізінен, мүмкіндігі шектеулі балалар селсоқ, өзіне-өзі сенімсіз, кейбіреулері шектен тыс ызакор болып келеді. Олардың эмоциялары әлсіз, алайда күйзелістері тұрақты, терең болады. Мұндай балалар айқайлауға, жүгіруге, рұқсатсыз зат алуға, шулауға, қырсығуға болмайтындығын түсінбейді.

Педагогика жүйесіндегі балаларды оқыту мен дамытудың маңызды құрамдас бөлігінің бірі – мүмкіндіктері шектеулі балаларды мінез-құлқындағы кемшіліктерді ескере отырып оқыту, олардың ой-өрісін дамыту, қоршаған ортаға бейімділігін арттыру болып табылады. Жалпы, мүмкіндігі шектеулі балалардың жүріс-тұрысындағы кемшіліктер олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, оның жеке қасиеттеріне, яғни оқу, жазу, ортаға бейімделу әрекеттерінің бұзылуын қалыптастырып, баланың үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасына кері әсер етеді.

Мүмкіндігі шектеулі бала үйреткенінді қабылдайды, дегенмен, бұл ұзақ жүретін процесс. Бір топта сегіз мүмкіндігі шектеулі бала болатын болса, әрқайсысының қабылдау деңгейі әр түрлі. Бірі түсінгенді екіншісі түсінбейді, бірін-бірі тыңдағысы келмейді, сабақтың өзін көңіл-күйіне қарай қабылдайды. Бұл балаларға қатты сөйлеуге болмайды, тек асқан шыдамдылықпен баланың тілін таба білу керек. Сабақ түсіндіру барысында әр балаға қабылдау деңгейіне қарай түрлі тәсілді қолдану керек.

Ақыл-ойы кем болған балаларға әлеуметтік көмек көрсету барысында медициналық бейімдеудің маңызы зор. Осындай ақыл-ойы кем балалармен жігерлі терапия жүргізе отырып, оларға дәрілік емдеу, физио, психотерапия, емдік дене шынықтыру

жаттығулары, жалпы денсаулыққа пайдалы емдеу шаралары қолданылады.

Ақыл-ойы – кем балаларды оқытудың негізгі әдісі – біріктіру болып табылады. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерін анықтап, білім беру стандартына сай қалыпты дамуын қадағалап, зейін тұрақтылықтарын дамыта отырып оқыту, тәрбиелеу – басты мақсат болып отыр [4, 126 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назаровой, Н. Н. Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»/под ред. – М. : изд. Центр Академия, 2004. – 10–11 с.

2 Намазбаева, Ж. И. Психология. Оқулық. – Алматы: Print –S, Сәмет Бап-Баба. Жалпы психология. Оқулық. – Алматы : Дарын, 2010. – 352 б.

3 Сулейменова, Р. А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. Алматы, 2001. – 320 с.

4 Тілеуова, С. Жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің танымдық мәні // Изденіс № 3. – 1998. – 160 б.

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕР ЖҮЙЕСІ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ

АМАНОВА Ж. И.

студент, ПМПУ, Павлодар қ.

КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.

п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Осы уақытқа дейін дамуында ауытқушылығы бар балаларға арналған білім беру мекемесінің негізгі түрі арнайы оқу орны – өтемдік түрдегі балабақша және арнайы (түзету) мектеп болып табылады. Дәл осы онжылдықтарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды арнайы оқытудың табысты тәжірибесі жинақталды. Дәл осы мекемелерде әлі күнге дейін практиктер дефектологтарының негізгі кадрлық әлеуеті шоғырланған. Сонымен қатар, арнайы балабақшалар мен мектептердің басым көпшілігі интеграцияланған балаларға мамандандырылған көмек көрсетпейді.

Естімейтін және нашар еститін балаларды тәрбиелеу мен оқытудың 2 жолы бар. Мектепке дейінгі жастағы, екі жастан бастап, әдетте, үш жастан бастап, баланы есту қабілетінің бұзылу дәрежесіне

байланысты мамандандырылған мекемеге беруге болады [1, 407 б.]. Арнайы мектептер жанындағы мамандандырылған балабақшалар, мектепке дейінгі балалар үйлері, мектепке дейінгі бөлімшелер саңыраулар мен нашар еститін балалар үшін 2 топқа бөлінеді.

Бұл мектептерде балалармен сурдопедагогтар айналысады, есту және сөйлеу балалардың дамуына арналған күшейткіш жабдықтар бар. Балабақша тобында немесе мектеп сыныбында аздаған балалар саны – 5–10 адам, бұл педагогтар мен тәрбиешілерге әр балаға қажетті көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Мұнда ең алдымен керемдік және құлақ мүктілігі III және IV дәрежелі балалар оқиды. Нашар еститін мектептегі білім берудің мақсаты-кейбір кәсіби біліктілікті алуға мүмкіндік беретін білім беру негіздерін алуға болатын қарапайым сөздік сөйлеуді дамыту.

Сондықтан көптеген балабақшалар мен есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектептер интернат үлгісіндегі мекемелер болып табылады. Әдетте ата-аналар осындай мектептер мен балабақшалардан балаларды демалыс күндері ғана, ал кейде-демамыс уақытында ғана алады. Арнайы мектептерде саңырау және нашар еститін оқушылар толық емес орта (біркатар мектептерде орта) білім алады, бірақ кәдімгі мектептерге қарағанда ұзағырақ уақыт оқиды. Арнайы мектептерде негізгі жалпы білім 12 жыл (салыстыру үшін, кәдімгі мектептерде 9 жыл), жалпы орта білім – 15 жыл (Кәдімгі мектептерде – 11 жыл). Негізгі жалпы білімі бар балалар КТУ-да, колледждерде, техникумдарда немесе кешкі мектептерде білім алуды жалғастыра алады.

Қазіргі уақытта дамыған елдерде есту қабілеті бұзылған балаларды ықпалдастыра оқыту кеңінен қолданылып келеді. Мәселен, егер 1960 жылдары АҚШ-та саңырау және нашар еститін балалардың 70 %-дан астамы арнайы мектеп-интернаттарда оқыса, қазіргі уақытта оларға балалардың 20 %-ы ғана барады. Қалған балалар жаппай мектептерде – интеграцияның әртүрлі үлгілерімен айналысады. Ұлыбританияда есту қабілеті бұзылған балалардың тек 7 %-ы арнайы мектептерде, қалғандары-жаппай мектептерде оқиды. Швейцарияда жаппай мектепке барлық нашар еститін балалардың 75 %-ы және саңырау балалардың 10 %-ы көп барады. Көптеген дамыған елдерде саңырау балаларға арналған мектептер ғана бар, ал нашар еститін адамдар негізінен бұқаралық мектептерде оқиды [2, 20 б.].

Арнайы мектептің қандай да бір түрінің баласына арналған ұсынымдар есту қабілетінің бұзылуының сипаты мен дәрежесін ғана емес, сондай-ақ сөйлеу дамуының жағдайын да ескереді.

Арнайы мектептерде қысқартылатын сурдопедагогтар мен логопедтер бұқаралық мектептерде есту қабілеті бұзылған балаларға көмек көрсету қажет. Дефектологтар, психологтар, логопедтер, арнайы балабақшалар мен мектептердің педагогтары интеграцияланған балаларға және әріптестеріне көмектесе алады: жалпы білім беретін мектепте интеграцияланған балаларға (арнайы мекеме бейініне сәйкес) психологиялық-педагогикалық көмекті, сондай-ақ олардың педагогикалық ұжымдарына консультациялық көмекті қамтамасыз етуі керек.

Әрине, ұйымдастырушылық қиындықтар, жаңа жағдайларда әртүрлі балаларға көмек көрсетудің көптеген әдістемелік проблемалары шешілмеген, ата-аналармен, бұқаралық мекемелермен ынтымақтастық мәселелері жеткіліксіз пысықталған жоқ. Сонымен қатар, бүгінгі күні арнайы мектепке дейінгі мекемелер өздерінің өмір сүруінің ескі, үйреншікті нысандарын сақтауға ұмтылу қаупі мен перспективасыздығын көбірек сезінетінін, ұсынылған жол бойынша қозғалыс қажеттілігін жақсы түсінетінін сеніммен айтуға болады. Тек қана балабақшалар ғана емес, сонымен қатар арнайы (түзету) мектептер де өзіне жаңа функцияны алуы, қысқа мерзімді болу сыныптары арқылы интеграцияланған балаларға мамандандырылған көмек көрсетудің прогрессивті нысанын меңгеруі тиіс, өйткені мектепке дейінгі жастағы дамуында кемістігі бар балалар үшін пайдалы ұсынымдар оқушыларға тең дәрежеде пайдалы [3, 92 б.].

Нашар еститін мектептегі білім берудің мақсаты-қарапайым сөздік сөйлеуді дамыту, оның көмегімен кейбір кәсіби біліктілікті алуға мүмкіндік беретін білім негіздерін алуға болады. Авторлық наным бойынша, таяу болашақта арнайы (түзету) мектепте Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға оның ықпал ету аймағында тұратын білікті бейінді көмек көрсету орталығына айналуға тура келеді.

Арнайы мектептерде білім сапасы, әдетте, мемлекеттік стандарттардан төмен, сондықтан түлектерге жоғары оқу орнына түсу қиын. Арнайы мектептерде мүгедек балаларды оқытуды мемлекет пен мектеп әкімшілігі қадағалауы тиіс. Жалпы білім беретін мектепте мүгедек бала қарым-қатынас жасауға үйренеді – бұл жағымдысы. Екінші жағынан, мұғалім мұндай оқушыға қосымша көңіл бөле алмайды, қалғандары оқуға болады. Қалған оқушылар кез-келген сыныпта бар. Оқуға көмектесетін мүгедек балалар туралы әңгіме болғанда көмекшілер, қосымша мұғалімдер тартуға, қосымша сабақтар ұйымдастыруға болады. Опция ретінде жалпы білім беретін

мектептерде түзету сыныптарын құруға болады. Бағдарлама өз деңгейінде болады, бірақ балалар бір-бірімен үзіліс, мерекелер, линейкаларда сөйлесе алады. Баланың қалай білім алуына қарамастан: үйде, арнайы мектепте немесе жалпы білім беретін мекемеге баруына – мемлекет ақшаны арнайы мектепке аударады.

Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқытатын білім беру ұйымдары білім мазмұнының ерекшелігін және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып оқушылардың үлгерімі мен аралық аттестациялау формаларын, тәртібі мен ағымдағы бақылау жүргізу мерзімін анықтайды.

Үлгілік оқу жоспарының негізінде білім беру ұйымы әрбір сынып үшін олардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып Оқу жұмыс жоспарын құрады. Үлгілік оқу жоспарының 15–20 % сағаты оқушылардың ерекше білім беруге қажеттілігіне сәйкес қайта бөлуге болады (үлгілік оқу жоспарындағы жалпы сағат саны аясынан шықпай).

Білім беру ұйымдары үйде оқитын оқушылардың ата-аналарымен (немесе оларды алмастыратын тұлғалармен) бірге зерделенетін пәндер тізімін анықтайды, сыныптар бойынша олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде оқытудың Үлгілік оқу жоспарында бөлінген сағат шегіндегі пәндер бойынша сағаттарды бөледі.

Арнайы мектептегі және арнайы сыныптардағы оқу-тәрбиелік процесс мектеп штатындағы мамандардың (арнайы психолог, логопед, арнайы педагогтар (тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, ЕДШ нұсқаушысы) психологиялық-педагогикалық қолдауымен іске асырылатын баланы зерделеудің психологиялық-медициналық-педагогикалық мәліметтеріне негізделі отырып, сараланған және жеке ықпалды қолданумен іске асырылады.

Мамандардың өзара іс-әрекет нысаны мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум болып табылады. Психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін мамандардың жұмысы мектеп директорымен бекітілген желілік нормативтік актілермен реттеледі.

7 Эксперименттік жұмыс нәтижесі өлкетану негізінде балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесі бойынша біздің алға қойған болжамымыздың дұрыстығын дәлелдеді. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының мүмкіндіктері жоғары екендігі және біз ұсынып отырған әдістеменің тиімділігін көрсетті.

Қазіргі таңда балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

– бастауыш сыныптың біртұтас педагогикалық процесінде тәрбиенің құрамдас бөлігінің бірі ретінде экологиялық бағыттарда әртүрлі іс-шаралар (факультатив, үйірме, апталық, олимпиада,

дөңгелек үстел, коференциялар т.б.) үнемі ұйымдастырылып отырылуы қажет;

– жергілікті экологиялық өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдарын кеңінен пайдалану қажет;

– балалардың экологиялық тәрбиесінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар мен мұғалімдер үшін арнайы құрастырған семинарлар бағдарламасын пайдалануды қажет;

– балалардың экологиялық тәрбиесінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар мен мұғалімдер үшін арнайы құрастыратын семинарлар бағдарламасын пайдалануды қажет етеді;

– өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану керек;

– жалпы білім беру жүйесінде балалардың экологиялық міндеттерін қалыптастыру үшін экологиялық сыныптар ашу мәселесін көтеруді талап етеді.

Сонымен, оқу процесінде және сыныптан тыс жұмыстарды өлкетану жұмыстарына қойылатын талаптар: балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес лайықты материалдарды іріктеуі; өлкетану материалдарының тақырыптың мазмұнымен үндесуі; туған қлкенің табиғи ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтердің айналамен танысу пәнінің бағдарламасына сәйкестілігі; өлкетану материалдарының мазмұнының балалардың жалпы даму деңгейлеріне сәкестілігі; олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға ықпалын тигізуі; өлкетану материалдарының балалардың табиғатты қорғауға, байлықтарын тиімді пайдалануға ықпал етуі тиіс.

Дегенмен ұсынылып отырған мәселе өте күрделі мәселе болғандықтан, біздің зерттеу іс-әрекетіміздің өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың көп қырлы тұстарын шештік деп айта аламыз. Келешекте бұл мәселе өз жалғасын экологиялық тәрбиеде өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың сабақтастық принципі жүзеге асыру жолдарын іздестіруде, өлкетану жұмыстарында пәнаралық және пәнішілік байланыстардың маңызын анықтауда болашақ ғалымның еншісінде табылуы мүмкін деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сатабаева, Д. А. Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері. Монография. ТКО «Зерде» баспанасы. – Алматы, 2005. – 181 б.

2 Экологиялық білім: энциклопедия.// Құр. С. Қ. Қонырова – Алматы: Өлке. 2011. – 365 б.

3 Тәрбие теориясы // құр. Сейталиев Қ. – Алматы : Нұрлы әлем, 2011. – 327 б.

КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

БАҒЫДАТ Ж. Ж.

студент, ПГПУ, г. Павлодар

ЖУМАШЕВА А. Ш.

д.ф.н., профессор, ПГПУ, г. Павлодар

Обучение русскому языку в современной школе осуществляется в условиях значительных изменений во всей системе образования, связанных с модернизацией содержания образования, оптимизацией способов и технологий организации образовательного процесса и, конечно, переосмыслением цели и результата образования. В основе обучения лежит компетентностный подход, связанный с формированием ключевых компетентностей, одной из которых является коммуникативная компетентность.

Современная жизнь требует от ученика свободного владения языком, умений общаться с различными людьми в различных ситуациях, не испытывая при этом чувства дискомфорта. Поэтому формирование умений связно изложить мысли в устной и письменной форме, анализировать и совершенствовать написанное, умение грамотно высказать мнение по обсуждаемому вопросу – одно из самых важных направлений в развитии речемыслительной деятельности учащихся.

Исходя из этого, одной из главных задач начальной школы является формирование основ гармонично развитой языковой личности, владеющей прочными навыками грамотного письма, культурой речи, способной свободно общаться в любой ситуации в устной и письменной форме. Решение этой задачи возможно при

организации учебного процесса, направленного на формирование коммуникативной компетенции школьников.

Однако приходится признать тот факт, что вопросы организации коммуникативно-ориентированных уроков на практике как одно из средств формирования коммуникативной компетенции обучаемых в начальной школе разработаны недостаточно. Хотя вопросам формирования коммуникативной компетенции обучаемых уделяется достаточное внимание в теоретических разработках, на практике методическая система организации таких уроков еще не находит должного применения в работе учителей-словесников начальной школы.

Коммуникативно-ориентированные технологии обучения рассматриваются, в основном, на базе иностранных языков, в аспекте же обучения русскому языку эта проблема не получила на сегодняшний день должного научного освещения ни на страницах педагогической печати, ни в практике учителей-словесников начальной школы. Такой фрагментарный подход не позволяет реализовать те значительные возможности, которыми обладает учебный предмет «Русский язык» в плане формирования коммуникативной компетенции.

Таким образом, в соответствии с требованиями современного образования, в настоящее время встает вопрос о таком способе организации учебного процесса, содержание, методы и формы которого направлены на всестороннее развитие ребенка, на формирование языковой личности младшего школьника, что возможно посредством развития у него коммуникативной компетенции.

Практика показывает, что современные школьники, чрезмерно увлеченные компьютером, телефонами, все больше в своем общении используют сленговые выражения, сокращенные слова, зачастую заменяя живую, культурную речь мимикой и жестами. Такие дети затрудняются в создании самостоятельных связных устных, а особенно письменных высказываний. Поэтому с уверенностью можно сказать, что проблема культурного общения школьников – одна из самых важных на сегодня. Ведь именно коммуникативная компетентность начнет играть основополагающую роль, помогая в профессиональной подготовке и трудовой деятельности.

Итак, важность развития коммуникативной компетенции младших школьников как средства формирования языковой личности младшего школьника на уроках русского языка, с

одной стороны, и недостаточная разработанность проблемы в методическом аспекте в начальной школе, с другой стороны, определяют актуальность избранной темы.

Способность к общению, то есть способность, позволяющая личности реализовать себя в условиях полиязычного общения, предполагает овладение коммуникативной компетенцией. Рассмотрим это понятие с точки зрения ее структуры и содержания.

Как известно, в условиях многоязычного образования, характерного для современного общества, компетентностный подход является приоритетным в решении проблемы целеполагания. В настоящее время понятие компетенции связано с поисками путей более точного, строгого определения того, как обучаемый владеет языком. Традиционно в научной литературе компетенция рассматривается в терминах знания, умения, навыки. В самом широком смысле под компетенцией (компетенция от лат. *competentis* – способный) понимают совокупность знаний, умений и навыков, которые обеспечивают овладение языком [1, С. 70–71].

Содержание понятия коммуникативной компетенции интенсивно разрабатывается в различных областях науки о языке и отличается разнообразием подходов и определений в силу многоаспектности данного понятия. В самом общем смысле коммуникативную компетенцию можно определить как способность индивида осуществлять коммуникацию в различных сферах и ситуациях общения в соответствии с его потребностями. Иначе под коммуникативной компетенцией понимаются знания, умения и навыки, необходимые для эффективного общения [2, С. 17–20]. Большинство исследователей придерживаются приблизительно такого же мнения: так, коммуникативная компетенция понимается как сложный ансамбль знаний, умений и навыков, который позволяет субъекту общения получать и добывать информацию, действовать и взаимодействовать с другими субъектами в определенной культурной среде / Сафонова В. В., Халеева И. И., Бим И. Л., Муаран С., Хаймс Д., Бахман Л. Ф. Сходно с предыдущими и определение, согласно которому под коммуникативной компетенцией подразумеваются «знания, умения, навыки, необходимые для понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватного целям, сферам, обстановке общения» [1, С. 70–71]. Коммуникативная компетенция предполагает усвоение речеведческих знаний, то есть знаний, связанных с лингвистикой речи, использование средств

языка для целей общения с учетом речевых условий, владение разновидностями речи, навыками анализа текста... [1, С. 71].

Согласно приведенным определениям, коммуникативная компетенция включает в себя:

- Наличие определенных знаний языка и теоретических сведений о нем;
- Умение соотносить языковые средства с задачами, целями и условиями общения, то есть с ситуацией;
- Умение организовать речевое общение с учетом социальных норм поведения;

Владение национально обусловленной спецификой употребления языковых средств. Такое понимание коммуникативной компетенции отражает специфические характеристики этого понятия – адекватность (соответствие) и приемлемость высказывания в условиях реальной коммуникации [3, С. 140–141].

Как видно, понятие коммуникативной компетенции является довольно объемным, представляющим собой единство различных компонентов – лингвистического и социального, связь определенного объема лингвистических и социальных знаний с умениями и навыками общения. Такие объемные характеристики позволили некоторым исследователям представить коммуникативную компетенцию как «мультилингвальную компетенцию», состоящую из «частичных компетенций», представляющую собой единую конфигурацию знаний, умений и навыков в области нескольких языков и разных культур [4, С. 55]. Согласно такой точке зрения, многоязычная и поликультурная компетенция не представляет собой простого соположения нескольких моноязычных компетенций. Она состоит из частичных компетенций, способных к постоянному взаимодействию, взаимообогащению и развитию [4, С. 19]. Мы согласны с таким мнением и считаем, что структура коммуникативной компетенции сложна: она состоит из различных элементов – частичных компетенций, взаимодействующих друг с другом внутри единой многоязычной коммуникативной компетенции, что позволяет при общей сбалансированности целей уделять разное внимание элементам компетенции в расчете на действие явления переноса.

Исходя из сказанного, в качестве составляющих коммуникативной компетенции выступают, на наш взгляд, лингвистическая, речевая, лингвокультурологическая, когнитивная компетенции, являющиеся тесно взаимодействующими областями,

имеющими основой познавательную (когнитивную) сферу сознания человека. При этом познавательная (когнитивная) компетенция является исключительной посреднической сферой, основой для развития и функционирования всех элементов коммуникативной компетенции. «Доля» каждой компетенции различна в зависимости от различных факторов. Рассмотрим кратко каждую из указанных компетенций.

В наиболее широком смысле под лингвистической компетенцией понимается, во-первых, знание единиц языка и правил их соединения, умение ими пользоваться и, во-вторых, знание о языке, его системе и структуре [3, С. 82]. В таком случае лингвистическая компетенция - это сумма лингвистических знаний, понимание системы языка, осознание ее особенностей [1, С. 70]. Следовательно, лингвистическая компетенция определяется как «совокупность специальных (лингвистических и учебно-языковых) и метапредметных знаний, умений, навыков, способов деятельности и ценностных ориентаций...» [5, С. 136]. Таким образом, лингвистическая компетенция понимается как совокупность лингвистических знаний, включающих в себя сведения о языке как общественном явлении и развивающейся системе; комплекс лингвистических понятий и знаний, формируемых на их основе; систему учебно-языковых умений, навыков и способов познавательной деятельности. При формировании лингвистической компетенции объектом научного изучения выступает язык как системно-структурное образование, она предусматривает углубление знаний о:

- лингвистике как науке;
- языке как многофункциональной развивающейся системе;
- взаимосвязи основных единиц и уровней языка;
- языковой норме, ее функциях;
- основных формах существования национального языка;
- функционально-стилистической системе языка [1, С. 19] .

Вероятно, такая трактовка лингвистической компетенции вполне допустима при исследованиях, в которых объектом изучения является язык как системно-структурное образование, а также применительно к языковому образованию. В условиях же активизации полиязычия, политических и экономических контактов между государствами повышается прагматическая значимость владения языками, основной целью субъекта общения является формирование коммуникативной компетенции, в составе которой

можно выделить языковую компетенцию, предусматривающую овладение языком как средством общения. В таком случае языковая компетенция синонимична речевой, она предусматривает освоение системы языка, формирование умений им пользоваться.

Овладение языком как средством общения соответственно должно включать:

- обучение средствам языка;
- обучение частноречевым (орфоэпическим, акцентологическим, лексическим, грамматическим) навыкам и умениям;
- обучение речевым навыкам и умениям (в различных видах речевой деятельности);
- обучение коммуникативным навыкам и умениям общения на языке, что предусматривает организацию речевого общения в соответствии с социальными нормами речевого поведения [3, С. 141].

Все перечисленные виды умений и навыков должны формироваться во взаимной связи, в неразрывном единстве, при этом базой являются языковые средства, вершиной – коммуникативные умения и навыки.

Таким образом, важнейшими составными элементами коммуникативной компетенции являются лингвистическая, языковая (речевая), когнитивная и лингвокультурологическая компетенции. Под лингвистической компетенцией подразумевается совокупность лингвистических знаний, сумма знаний о языке как о системно-структурном образовании, его устройстве и функционировании; языковая (речевая) компетенция понимается как освоение системы языка, овладение языком как средством общения; когнитивная компетенция подразумевает формирование умений, навыков и способов познавательной деятельности, развитие интеллектуальных способностей, способности к саморазвитию, стремление к самосовершенствованию. Под лингвокультурологической компетенцией как составной части коммуникативной компетенции в самом общем виде подразумевается система знаний о культуре, воплощенная в определенном национальном языке [6, С. 82].

Итак, коммуникативная компетенция может быть представлена в виде мультилингвальной компетенции, состоящей из ряда частичных компетенций.

Таблица 1 – Структура коммуникативной компетенции

Вид компетенции	Содержание
Лингвистическая компетенция	– совокупность лингвистических знаний; – понимание системы языка, осознание ее системно-структурных особенностей
Языковая (речевая) компетенция	– освоение системы языка; – овладение языком как средством общения; – совершенствование частноречевых и речевых умений и навыков; – формирование коммуникативных умений и навыков в различных сферах общения
Когнитивная компетенция	– развитие интеллектуальных и познавательных способностей, способности к саморазвитию
Лингвокультурологическая компетенция	Система знаний о культуре, воплощенная в определенном национальном языке

Таким образом, все указанные виды компетенций, выступая в виде элементов коммуникативной компетенции, принимают участие в формировании языковой личности младшего школьника. Коммуникативная компетенция, включающая в себя обозначенные компетенции в своем составе, позволяет личности, владеющей ею, осуществлять успешное дальнейшее обучение, самообразование и социализацию, что ведет к наиболее верному осознанию своего места в обществе, жизненных ориентиров и перспектив.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Быстрова, Е. А. Компетентный носитель языка // Народное образование. – 4. – 1999. – С.70–71.
- 2 Митрофанова, О. Д., Костомаров, В. Г. Методика преподавания русского языка как иностранного. – М., 1990. – 230 с.
- 3 Что значит знать язык и владеть им // Шанский Н. М., Резниченко И. Л., Кудрявцева Т. С. и др. – Л. : Просвещение, 1989. – 192 с.
- 4 Щепилова, А. В. Коммуникативно-когнитивный подход к обучению французскому языку как второму иностранному. Теоретические основы. – Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора педагогических наук в виде монографии. – М., 2003. – 55 с.
- 5 Черепанова, Л. В. Лингвистическая компетенция – понятие современной лингводидактики // Материалы международной

научно-практической конференции «Филологическое образование в школе: проблемы и перспективы». – М. : ИОСО РАО. – 2003. – 160 с.
6 Воробьев, В. В. Лингвокультурология (теория и методы). – М. : Изд-во РУДН. – 1997. – 331 с.

ОТБАСЫНДА МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ЖАРЫМБЕТ А.
студент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.
АЛБЫТОВА Н. П.
п.ғ.к., профессор, ӘП ӨӨТ кафедрасы,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бүгінгі таңда балалардың өмір сүру ортасымен қарым-қатынасқа түсе білу дағдыларын дұрыс жолға қою басты міндеттерден саналады. Осы тұрғыдан келгенде отбасының әлеуметтік міндеті артып отыр. Өйткені баланың болашағы, білімділігі, мінез-құлқы отбасында негізі қаланған қарым-қатынас моделіне тікелей байланысты.

Қоғамның бүгінгі жағдайында бала тәрбиесін отбасынан бастап қолға алуәлемдік, мемлекеттік міндет ретінде қаралып, түрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық тұрғыда қарастырылады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті» дей келе, бала тәрбиесі ата-ананың басты міндеті екендігі нақты белгіленген [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында «Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасы құндылықтары мен отбасы институтының маңыздылығы дәріптелетін болады. Zhastar KZ жобасы шеңберінде «Ата-аналар мектебі» бастамасын іске асыру жалғасады, отбасылық тәрбие мәселелерінде психологтардың, сынып жетекшілерінің және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру енгізіледі. Білім беру ұйымдарында «Жастар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобалары енгізілетін болады ...» – деп қоғамдағы отбасының жауапкерлігін, отбасы мәдениетін көтеру қарастырылған [2].

Ал, Қазақстан қабылданған «Баланың құқығы туралы конвенцияда»: «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет» деп көрсетілген [3].

Әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың мәні, баланы отбасында дұрыс қарым-қатынасқа баулу мәселелері ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Х. Дулати, М. Қашқари, А. Яссауи шығармаларынан бастау алған. Ж. Баласағұнның тәрбие туралы толғаныстардан тұратын «Құтты білік» поэмасында әке мен шешенің өзара ілтипатын, қамқорлығын, ағайын-туыс, ұл-қызға деген сыйластығын көріп өскен ұрпақтың өздері де берік отбасы іргесін қалайтыны баяндалады [4]. Сондай-ақ, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов т.б. сынды қазақ зиялылары өз еңбектерінде отбасы, оның бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен міндеттерін, баланы терең тамырлы тәрбиемен қатар заманауи тәрбиеге баулуды жан-жақты талқылап, елге ұсынып отырған [5].

Педагог Ы. Алтынсариннің «Балаға берілген тәрбие – ата-анасын, туған туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады» деген ой-тұжырымында жоғары адамгершілік қасиеттер, қоғамдағы нормаларды меңгеру отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнықтыру мақсатын ұстанатындығын аңғартады.

Ұлы Абай шығармаларында тәрбие, оның қоғамдағы мәнін тиянақтай келіп, «Адам бол» өсиетін қалдырған.

Өсіресе, бала тәрбиесіндегі отбасының баға жетпес орнын педагогика ғылымында А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский, Я. А. Коменский, К. Д. Ушинский және т.б. педагогика классиктері әр қырынан зерттеген. Я. А. Коменский тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. К. Д. Ушинский: «Адамның жеке басы баланың қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек» – деп баланы тәрбиелеуде ата-ананың дағдылары, мінез-құлқы, іс-әрекеттері үлгі болатындығын қатаң ескертеді [6].

Қазіргі таңда отбасы тәрбиесі, оның тәрбиелік мүмкіндіктері Қ. Б. Жарықбаев, Қ. Р. Қоянбаев, Р. К. Төлеубекова, Е. Сағындықұлы, С. Кенжеахметұлы, Қ. Т. Әтемова, К. К. Оразбекова, Қ. Жақыпов, Ф. Н. Жұмабекова және т.б. сияқты ғалымдардың арнайы зерттеу объектісіне, шығармашылық қызметіне айналып отыр.

Адамның дамуында бір-біріне байланысты екі өзек байқалады, оның бірі - биологиялық, екіншісі – әлеуметтік. Осы бағыттар адамның дүниеге келген күнінен бастап оның дамуы мен қалыптасуында көрініс бере бастайды. Адам туылғанда тек биологиялық тіршілік иесі болып танылады, жеке тұлғалыққа жету әлі ерте. Биологиялық нышандар мен қасиеттердің дамуы адамның өмір бойы мүшелік пісіп жетілуі және қалыптасуы процесінің сипатын көрсетіп отырады. Адамның биологиялық кемелдену және өзгеру процесі, оның дамуының жастық сатылары мен мінез-құлығында көрініп, осыдан балалық, жасөспірімділік, ересектік және қариялық табиғи бітістерін ажыратамыз. Бірақ адамның табиғи дамуы көпсанды әрі сан алуан әлеуметтік салалар мен қасиеттерді қабылдауымен тығыз байланыста бірге дамып барады, бұл адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Мысалы, нәрестенің жақын адамдарды танып, күлімсіреуі, кейін тілге келуі, тік жүру қабілетін игеруі, үйдегі және көпшілік арасындағы қалыптары, еңбектеуі және т.б. өсе келе ол білім игереді, моральдық қалыптар мен ерекшеліктерді орындайды, әртүрлі жұмыс істеуге ептіліктер мен дағдыларды қалып-тастырады және олардың барлығы да өмір барысында адамда пайда болып, дамып отырады.

Сонымен, адам баласы тұлға ретінде өмір сүру барысында өзінің қоғамдық мәнін сипаттайтын көптеген әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қалыптастырады әрі дамытады. Міне осыдан, ол ғылымда биоәлеуметтік тұлға, субъект, яғни тарихи-қоғамдық қызмет пен таным иесі деп танылады. Демек, «адам» түсінігі осыдан биологиялық және әлеуметтік (қоғамдық), сапамен қасиеттердің бірлігін білдіреді. Ал «жеке адам» түсінігі тек қана әлеуметтік сапа мен қасиеттерді игерген тұлғаны танумен байланысты. Бұл тұлға қоғамдық тіршілік иесі сипатында көрініп, тіл игеруі, санасы, әртүрлі әдеттерімен ерекше-ленеді. Жеке адамдық қасиетке ие болу, оның табиғи, биологиялық болмысына емес, қоғамдық қасиеттерге тікелей байланысты. Сонымен жеке «адам» дегеніміз адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіреді. Жеке адамдық сапалар өмір барысында қалыптасқандықтан, олар біреулерде айқын көрініп, басқаларда күнгірттеу болады [7].

С. Л. Рубинштейннің зерттеуі бойынша жеке адам өз қылығы мен іс-әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жауапкершілікті сезіну қабілетінің болуы; өз бетінше дербес іс-әрекетін жасай білуі – жеке адамның мәнді белгілері.

Белгілі философ-ғалым В. П. Тугаринов жеке адамның сапалық көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атайды:

- саналылық;
- жауапкершілік;
- еркіндік;
- жеке басының қадірі;
- даралық; осыларға және қоғамдық белсенділік пен бекіген

саяси-идеялық бағытты қосады.

Жеке адамдық дамудың ықпалды көзі – тәрбие, қоршаған орта, табиғи нышандармен қатар тұрса, ол адам қалыптасуына жетекші фактор.

Жеке адамның дамуындағы өзіндік белсенділіктің маңызы зор. Адам дамуында тәрбиенің ықпалды күш екенін айта отырып, оның қоршаған орта мен нәсілдік әсерлердің енжар объектісі деп тануға болмайды. Бұл процесте жеке адамның өз белсенділігі мен шығармашыл-жасампаздық іс-әрекетінің маңыздылығын ескеру қажет. Жеке адам дамуы мен қалыптасуында ықпал жасаушы әсерлер екі топқа бөлінеді: ішкі және сыртқы. Қоршаған орта және тәрбие – сыртқы әсерлер: табиғи икемділік пен құмарлықтар.

Сыртқы тәрбие орта әсерлерінен пайда болатын сезімдер мен толғаныстардың жиынтығы – ішкі әсерлерге жатады. Жеке адамның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың байланысынан болады. Тәрбие адамның ішкі жан дүниесіне ұнамды қозғау салып, (өзіне бағдарланған) өзіндік өңдеу белсенділігін арттыра алса ғана, адам өз дамуындағы қызметін орныдай алғаны. Демек, тәрбие процесі, әсіресе баланың отбасындағы қарым-қатынас балалардың эмоционалдық-психологиялық дамуында басты фактор деп қарауға болады. Демек, осы педагогикалық сипаттағы үдеріске тікелей ықпал ететін отбасы мүшелері (ата-ана, ата-мен әже, отбасының өзге де ересек мүшелері) балалармен қарым-қатынаста басшылыққа алатын ғылыми негізделген белгілі бір педагогикалық-психологиялық қағидаларды білуі шарт.

Қазіргі ғылыми педагогика тәрбиелеу жүйесінде негізінен төмендегідей қағидаларды ұстанады:

- тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы;
- тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы;
- тәрбиеде дұрыстыққа арқа сүйеу;
- тәрбие гуманизациясы;
- тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау;
- тәрбиелік ықпалдардың бірлігі.

Ата-ана өздерін тәрбие билігінің жалғыз иегері деп ұғынбай, тәрбиедегі жауапты тұлға ретінде түсінуі керек. Бұл жерде орынсыз талап қою мен қатыгездікті, қамқорлық пен еңбекке деген теріс көзқарасты алмастырудан аулақ болған жөн, өйткені тиімді тәрбие бала мен ересектердің арасындағы байланыс арқылы орнайтын қарым-қатынасқа тәуелді. Әсіресе, бала іс-әрекеті (еңбектік, қоғамдық, ойындық, спорттық) тәрбиелік мәнге ие болуы үшін, ата-ана қоғамдық құнды мотивтерді қалыптастыруды мақсат етулері қажет. Осы мотивтер жоғары парасатты, қоғамдық мәнді болса, онда ұнамды қылықтарға бастау беретін іс-әрекеттің де тәрбиелік сапасы жоғары болады. Әлеуметтік сапаларды жасау процесінде мақсат-бағдарлы тілдестік пен адамгершілік танымы арқылы гуманистік түсінік қалыптастырып, оны саналуан қоғамдық пайдалы іс-әрекетті ұйымдастырумен байланыстыру керек. Сөздік ықпал міндетті түрде пайдалы тәжірибелік істермен бекітілуі қажет, сонымен бірге ол қарым-қатынастағы және басқа адамдармен бірігіп орындалатын іс-әрекеттегі дұрыс әлеуметтік тәжірибелер көрсету арқылы тұжырымдалуы керек.

Қоғамдық процестерге әр адам ерте балалық шақтан араласады. Сондықтан баланы қарым-қатынасқа бағыттайтын адамзаттық тәрбие де жас кезеңде басталады. Әлеуметтік саналарды қалыптастыру кезеңдерінде берілетін білімдердің мектепке дейінгі жастағы балалардың жасы мен даму деңгейіне сәйкестігіне жете көңіл бөлінуі тиіс. Балаларға мектепке дейінгі жаста «сәлемдесу», «ұят», «күрменттеу», «сыйласу», «еңбек ету» т.б. ұғымдарды түсіндіруге нақты мысалдар пайдаланылса, тәжірибе жүзінде дер кезінде дәйектеліп, бекітілсе, онда олар бұл ұғымдарды тез меңгереді. Олар шынайы процестерге қызыға отырып, азаматтық сапалары туралы алғашқы түсінік алады. Адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғамдық және еңбектік қатынастарға жекелей түсуі, әрекетке араласуына тікелей тәуелді. Еңбек адамдағы жағымды сапаларды дамытады, яғни еңбек қарқынды болған сайын тұлғаның әлеуметтену және даму деңгейі жоғарылай түседі. Бұл ата-ананың баламен дұрыс қарым-қатынас орнатуының бірден-бір жолы деуге боларлық. Сондықтан баланы қоғамдық өмірге, әртүрлі пайдалы істерге араластырып, оларға деген жағымды қатынасын қалыптастыру қажет. Еңбекке баулу арқылы қарым-қатынасқа араласа отырып, адамгершілік құлық тәрбиесін алған балалар рухани және дене жағынан қатайып, еңбектің қоғамдық маңызды мотивтерін ұғынады, өзіндік ар-ұят сапаларын түсініп, жетілдіреді.

Сонымен, отбасында мектепке дейінгі жастағы балалармен қарым-қатынастың нәтижелі болуы үшін осы жастағылардың психологиялық ерекшеліктерін білу, сонымен бірге отбасы тәрбиесінде басшылыққа алатын қағидаларды, тәрбиеге ықпал ететін факторларды, іс-әрекет түрлерін өзара байланыста пайдалану сияқты педагогикалық, әлеуметтік педагогикалық ерекшеліктерді білу және өмірде пайдалану қажет деп білеміз. Отбасында баламен қарым-қатынаста оның жарқын болашағына сүйену, тәрбие гуманизациясы, тәрбиелік ықпалдардың бірлігі сияқты оңтайлы қарым-қатынас құру абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995 ж.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.
- 3 Баланың құқығы туралы конвенция. Алматы, 1999 ж.
- 4 Ахметов, Т. Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғыл. канд. автореф. :13.00.01. – Астана, 2003. – 27 б.
- 5 Жұмабаев, М. Шығармалар : Үштомдық. – Алматы : «Білім», 1995. – Т. 1. – 256 б.
- 6 Кукушкин, В. С. Теория и методика воспитательной работы / Учебное пособие. -Р-на Дону: «МарТ», 2002. – С. 216.
- 7 Сәбет Бап-Баба. Жантану негіздері. – Алматы : «Дөнекер», – 2002. – 237 б.

ДАМУЫНДА АУЫТҚУЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШІЛІГІ

ЖҰМАБЕК А. Т.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Елімізде сау балалар мен қатар дамуында ауытқушылық балалар да бар. Олар қоғамда ерекше орын алуда. Олар көбінесе ата-анаман бала арасында қиыншылықтар туғызады. Қалыпты баланы тәрбиелеп отырған отбасымен салыстырғанда ерекше баланы тәрбиелеп отырған отбасы үлкен қиыншылықтарға кездеседі. Отбасы мәселесіне

арналған әдебиеттерді талдау нәтижесінде қалыпты отбасының негізгі қызметтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- 1 Бала туу және тәрбиелеу.
 - 2 Ұрпақтар арасында байланысты жүзеге асыру, отбасы дәстүрі мен құндылықтарын сақтап балаларға табыс ету.
 - 3 Сүйіспеншілік және жылу, эмоциялы қолдау және психологиялық жайлылық қажеттіліктерді қанағаттандыру.
 - 4 Барлық отбасы мүшелерінің жеке тұлғалық дамуына жағдай жасау.
 - 5 Жақын адамдармен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру.
 - 6 Әке не шеше болу, балалармен қарым-қатынас жасау, тәрбиелеу сияқты жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру.
 - 7 Отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтау.
 - 8 Дамуында кемшілігі бар баланың дүниеге келуі отбасы ішіндегі қарым-қатынас, сонымен қатар қоршаған әлеуметпен қарым-қатынастың бұзылуына әкеледі.
 - 9 Бұзылу себептері: ерекше баланың психологиялық ерекшелігі және отбасы мүшелерінің ұзақ уақыт стресс әсерінде болуымен байланысты. Мұндай отбасында сапалық өзгерістер келесі деңгейлерде көрінеді: психологиялық, әлеуметтік және соматикалық.
- Дамуында ауытқушылығы бар баланың дүниеге келуі ата-ана үшін үлкен қасірет. Басқалардан өзгеше ерекше баланың дүниеге келуі ананы үлкен күйзеліске ұшыратады. Бұл күйзеліс ұзаққа созылып ата-аналардың психикасына деформациялы әсер етіп, отбасындағы қалыптасқан тыныс-тіршілік тәртібін жарақаттайтын жедел өзгеріс әкеледі. Қалыптасқан отбасы ішілік қарым-қатынас стилі деформацияланады.
- Отбасы тіршілік әрекетін қамтамасыз ету, балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселесін әйел адам арқалайды. Ер адам-әке көбіне отбасының экономикалық базасын қамтамасыз етеді. Ер адам өзінің күнделікті әлеуметтік ортасы мен қызметінде қалады. Жұмыста болғандықтан ер адамның психикасы көп жарақат алмайды. Әйел адам үшін күйзелістің эмоциялық әсері ерекше. Дүниеге ерекше баланың келгеніне өзін-өзі кінәлап қайғырады [1, 31 б.].
- Көп әйелдер истерия және депрессиялы күй кешеді. Олар өздерін жалғыз қалғандай, өмірдің ешбір мән-мағынасы қалмағандай сезінеді. Аналар мүгедек баламен үнемі бірге болады. Көптеген әйелдердің психикалық тонусы, өзін-өзі бағалауы төмендейді. Жеке

шығармашылық жоспарын іске асыру мүмкіншілігі жоғалып, әйел ретінде өзіне-өзі көңіл бөлуі жоғалады.

Дамуында ауытқушылығы бар бала дүниеге келіп, отбасы әр түрлі қиыншылықтар әсерінен қарым-қатынас шеңбері кішірейіп, олар қарым-қатынасқа ерекше талғампаз болады. Ерекше баланың дамуы және жағдай ерекшелігіне байланысты таныс тіпті туыстармен қарым-қатынасы азаяды (ұялу, қорқыныш әсерінен). Бұл сын ерекше баланың ата-анасының қарым-қатынасын да өзгертеді. Дамуында ауытқушылығы бар бала дүниеге келгеннен кейін ерлі-зайыптылар ажырасып кетеді. Қалыптасқан жаңа жағдай ерлі-зайыптылардың бір-біріне сезімінің шынайылығын тексеру сыны деуге болады. Мұндай қиындықтар кейбір отбасын біріктіреді. Бұл себептерге байланысты ананың жалғыз өзі ерекше баланы тәрбиелеуі және гинетикалық (ата-аналардың тағы да аномальді баланың дүниеге келуінен қорқу) көптеген отбасылар бала туудан бас тартады. Мұндай отбасында мүгедек бала жалғыз бала болады. Отбасында бір-екі дені сау бала бірінші туылып, мүгедек бала кенже туылған жағдайда отбасының психологиялық жағдайын қалыпқа келтіруге мүмкіндік бар. Көп аналар ерекше бала дүниеге келген соң өзінің жұмысын тастайды, табысын жоғалтады, әйел күйеуіне тәуелді болады. Кейбір аналар дамуында күрделі ауытқушылығы бар баланы тәрбиелей отыра, ол баланы оқыту, дамыту үшін қосымша арнайы білім алып, ол білімін баласын оқыту және дамытуға пайдалануға ұмтылыс жасап жатады.

Дамуында ауытқуы бар балалардың ұсақ қол қимылдарын дамыту, тіл байлығын байыту, сонымен бірге баланың логикалық ойлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту мақсатында көптеген ойын түрлерін сабақтарда пайдалануға болады. Психолог, педагог, тәрбиеші, ата-ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді. Дамуында ауытқуы бар баламен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Таным қабілеті бірнеше кезеңдерден өтеді. Дамуында ауытқуы бар балалардың таным ерекшеліктерін ескере отырып үш топқа бөліп қарастырады:

1 Бұл ойлау қабілетінің дамуы қалыпты болғанымен танымдық қабілетінің төмендігін көрсетедін балалар;

2 Бұл танымдық қабілеті және тапсырманы орындау белсенділігі бірқалыпсыз балалар;

3 Танымдық қабілетінің дамудан тыс қалған тапсырманы орындау деңгейі өте төмен. Танымдық қабілет (түйсік, қабылдау, зейін,

ойлау, сөйлеу т.б.) дамуымен бірге баланың психикалық қасиеттері қалыптасады. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштық, бақылағыштық, білуге құштарлық тапқырлық, өзденімпаздық сияқты жағымды, болымды жақтары жетіле түседі. Балалар өздерінің қимылдық әрекеттерін бағдарлай да, бақылай да алмайды. Көп жағдайда моториканың бұзылуы, сондай – ақ, қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау операцияларының бұзылулары жиі кездеседі. Қимылдың жетіспеушілігінде – тактиль мен кинестетикалық түйсінулерінің бұзылыстары орын алады. Кеңісті бағдарлауының функцияларының бұзылысы да бар. Дамуында ауытқуы бар баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Бірінші кезекте оқуға деген жағымды түрткі қалыптастырып, жақын эмоционалды көріністерді тудыратын, ой-өрісін кеңейтетін материал алынады. Дамуы баяу балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу материалын жай бөліп қоймай, керісінше жалпы дамуға бағытталған жаңа бағдарлама (баланың қоршаған ортаға бейімделуі, мінез-құлық ерекшеліктері, өзін-өзі төмен бағалауы, қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы, өз күшіне деген сенімсіздігі, белсенділігі төмен) құруды талап етеді. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру [2, 22 б.].

Баланың дүниеге ерекше болып келуі оның анасында әр түрлі аурулардың пайда болуына себепші болады. Психологиялық тізбек пайда болады: баланың ауруы анасында психогенді күйзеліс туғызады, ол анасында соматикалық және психикалық аурулардың пайда болуына жағдай жасайды. Аналар көбіне артериялық қысымның өзгеруіне, ұйқысыздық, өте жиі бас ауруына, терморегуляциялық бұзылуына шағымданады. Бала өскен сайын, психогенді жағдай ұзаққа созылғандықтан денсаулықтың бұзылуы жалғасады. Етеккірдің бұзылуы, климакстың ерте басалуы, өте жиі аллергия және суық тиіп ауру, эндокринологиялық аурулар, шаштың ерте ағаруы, жүрек-қан тамыр ауруларына шалдығу байқалады.

Ата-аналар баланың орындай алатын әрекеттерін өздері орындап, оның өзіне-өзі қызмет ету дағдысының дамуына кедергі келтіреді. Баланы жылыжайдағы өсімдік іспетті баптайды. Дамуында

ауытқушылығы бар бала отбасы мүшелерінің арасында тәрбие құралын қолдануда келіспеушілікке әкеп соқтыруы мүмкін. Ата-ана балаға қатаң талап қойып, ал ата-әжесі жұмсақ позицияны ұстанып балаға ойына келгенін істеуге рұқсат етуі мүмкін. Балаға үнемі қысым түседі. Ата-анасы үнемі баланың мүмкіншілігі жетпейтін талаптар қояды. Бұл модельге ата-анасының өте жоғары әлеуметтік статусының болуы жатады. Олар баланың мүмкіншілігін үнемі жоғарлатады, өздерінің авторитарлық күші арқылы балада әлеуметтік дағдыларды дамытуға талпынады. Көптеген ата-ана балаға науқас адамға қарағандай қарайды. Баланың өз-өзіне көз қарасы да сондай болады. Өзін ешбір жағдайға икемделе алмайтын әлсіз адам ретінде сезінеді. Ата-ананың бала проблемасына түбегейлі сіңіп кетуі, өзінің сүйікті жұмысын тастауы, өзінің жеке қызығушылықтарын ұмытуы. Бұл модель көбіне әлеуметтік статусы төмен отбасына сәйкес (нашақорлар, ішкілікке салынғандар). Ата-ана балаға мүлде қарамайды. Баланың күн тәртібін ешкім қадағаламайды. Әлеуметтік деңгейі төмен және жоғары отбасында да болуы мүмкін. Көбіне баладан теріс айналу әкелерде жиі кездеседі. Егер анасы баладан теріс айналса, ол оның әлі аналық сезімінің қалыптаспағандығымен түсіндіріледі [3, 19 б.].

Қоғамда дамуында ауытқу бар балалар мектепке де бара береді тек топқа бөлінеді. Мектеп жасындағы кейбір балалар (1 топ) басқаруға көнеді, жақын адамдармен арадағы әрекеті бағытталған түрде өтеді, сөздік өтініштерді орындай бастайды, болып жатқан жағдайларға қызығушылық байқалады, сөйлеу тілі пайда болады да, өз қалауын білдіру үшін жеке сөздермен сөз тіркестерін пайдалана бастайды. 2 топ балаларында мектептегі оқу үшін қажетті мүмкіндіктері үлкен болады.

Кейбіреулері бастапқы кезде бейімделуге қарсы тәртіпті көрсетуі мүмкін, бірақ аз уақыт өткен соң мектеп өмірінің жалпы стереотипі пайда бола бастайды да оны бұлжытпай орындайды.

3-топ балаларының мектеп өміріне бейімделу немесе оқу материалын меңгеруіне байланысты проблемалар болмайды. Бірақ қиындық баланың тәртібінде туындайды. Оқуда жеткен жоғары нәтижелері, мұғалімнің қойған жоғары бағасы мен мақтауын уәж еткен бала, одан тек өзіне көңіл аударуды талап етеді, онымен үнемі өз қызығушылығы тақырыбында ғана сөйлескенді қалайды. Мұндай бала үнемі бірінші болғанды, барлық сұрақтарға өзі жауап бергенді қалайды, қарсылыққа төзбейді.

4-топ балалары тежелудің жоғарлығына, тез қажып, шаршағанына, жылдам ренжігіштігіне қарай оқуда қиындықтарға

кездеседі. Бұларда айтылған сөзді түсінудегі қиындықтар, нұсқауды қабылдау мен материалды меңгерудің баяулығы байқалып, мұғалім көмегін қолдауын қажет етеді. Бұларды ПДТ бағдарламасы бойынша оқыту ұсынылады [4, 223 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айтбаева, М. Н. Қиын оқушыларды тәрбиелеу жолдары / Ізденіс. № 6. Алматы, 2015. – 31–34 б.
- 2 Алиманова, С. Р. Қиын оқушылар деген кімдер? / Ұлағат. – № 1. Алматы, 2012. – 22–23 б.
- 3 Бекибаева, С. Ф. Қиын балалармен жұмыс. Қазақ тілі мен әдебиеті.-№4. Алматы, 2012. – 18–19 б.
- 4 Мастюкова, Е. М. Ребенок с отклонениями в развитии: Ранняя диагностика и коррекция. – М. : Медицина. 2006. – 723 с.

ОТБАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛА МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР

КЕНЕС Ш. М.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Қазіргі замандағы өмір сүру жағдайында бәрінен бұрын отбасы зардап шегеді. Қалыптасқан адамгершілік және этикалық нормалар, отбасы дәстүрлерін әлсіретеді. Оның экономикалық тұрғыдан жеткіліксіз қорғалуының салдарынан, отбасындағы шиеленіскен жайлар арта түседі. Осының барлығы отбасының тәрбиелік әлеуетін төмендетеді, ал отбасы мәселесі бүлдіршіннің дүниеге келу жағдайында, оның сауықтыру және әлеуметтендірудегі алатын рөлі маңызсыз болып қалады. Сондықтан да, отбасында даму мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға тиісті әдістемелік көмек көрсету дефектологтардың, логопедтердің, психологтардың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндерді үйде тәрбиелеу, көп жағдайда, ата-аналардың осы қызметке қалай қарайтыны туралы және өз балаларын тәрбиелеуде, әлеуметтік міндет іспетті жауаптылықпен қарауды қаншалықты түйсінетінімен белгіленеді [1, 43 б.].

А. С. Макаренко, баланы отбасында тәрбиелеу – ол тек қана, ата-аналардың жеке басының жұмысы ғана емес, сонымен қатар,

қоғамға тікелей шыға алатын процесс деген ойды дамытқан. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеумен байланыстырылғанның барлығы да, бүлдіршіндерді қалыпты жағдайда тәрбиелеудегі жағдайлармен қамтамасыз етуге қарағанда, педагогикалық және сондай-ақ, материалдық қатынаста алып қарағанда, әрқашанда күрделірек болады. Мүмкіндіктері шектеулі балалары бар отбасында, білімін арттыру, ата-аналардың кәсіби және мәдени белсенділігін арттыру қажет екендігі талап етіледі. Ата-аналардың өздері және балаларының ішкі жан-дүниесін байытуға және рухани өмірінің дамуына әкеп соқтыратын, балалардың бос уақыты неғұрлым қанығулы болатын орта қажет, ал жасампаз творчестволық қызметі, өз кезегінде, отбасының бірігіп ынтымақтасуына ықпал жасап, балаларды мәдениетке кірістіруге мүмкіндіктер жасайды. Ұстаздық және тәрбиелік қызметтің бір аясындағы белсенділік пен табыстылық, басқаларына (ұстаздық, тәрбиелік) оң әсер беріп, ата-аналардың ұстаздық мәдениетінің артуына ықпал жасайтын болады [2, 137 б.].

Атап айтқанда, мүмкіндіктері шектеулі бүлдіршіні бар отбасында, мүмкіндігі шектеулі баланың мінез-құлқының сипатын, сенімдерін, өмірге деген көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыруда, ерекше назар аударуды талап етеді. Осының бәрі, балаға осы күрделі әлемде өмір сүріп, өзін қысылып сезінуді үйренуге, жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

Баланың дамып-жетілуінде бұзылыстар байқалатын отбасында, жиі жағдайда, отбасының барлық мүшелері үшін сынақ болып табылатын ерекше жағдай пайда болады. Ата-аналар өз үміттерін, оның ішінде, өздерінің орындалмаған армандарын жүзеге асыруға байланысты үміттерін балалармен байланыстырады. Мүмкіншілігі шектеулі балалардың тәрбиесі бір-біріне қарама-қарсы екі ұғымнан тұрады. Олардың бірі - ата-анасы баланы жан-жақты материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді. Бірақ оның ішкі әлеміне үңіліп, рухани қажеттіліктеріне терең бойлай бермейді. Тіпті кейде баланы жазалайды. Мұндай отбасындағы балалар іштей күйзеліске түседі. Олардың көңіл- күйі түсіп, сенімсіздік пайда болады. Ал психологиялық шеттету баланың зиятына кері әсерін тигізіп, білім деңгейін тежейді. Екінші бір жағдай, ол- баланы шектен тыс қамқорлыққа алу. Ата-аналар бала тәрбиесіне көп көңіл бөліп, өздерін кінәлі сезініп, оны тым бос ұстап еркелетеді. Мұндай атмосферада өскен бала бұйығы келеді, өз-өзіне сенімсіз, әлжуаз болып өседі. Мұндай балалар әлеуметтік даму жағынан түрлі қиындықтарға тап болады [3, 119 б.].

Балаларды тәрбиелеудегі отбасылық әлеуметтендіру дегеніміз бала мен ата-ананың тікелей «жұптасып» өзара қарым-қатынас жасауын ғана білдірмейді. Идентификацияның әсері қарсы рөлдік өзара толықтыру арқылы бейтараптандырылады. Мысалы, ата-ананың екеуі де шаруашылықпен жақсы айналысса, балада мұндай қабілеттің дамымауы мүмкін, себебі баланың көз алдында жақсы үлгі болса да, отбасы баланың осы қабілеттерін қолдауын керек етпейді. Керісінше, шешесі шаруашылықпен айналыспайтын отбасында бұл рөлді қызы жақсы атқарады. Психологиялық қарсылық механизмінің де маңызы зор: еркіндігі шектелген жасөспірімнің дербестікке ұмтылу қабілеті жақсы қалыптасады, ал ештеңеден шектелмеген бала тәуелді болып өседі. Сондықтан баланың нақты қасиеттері, негізінде, ата-анасының қасиеттеріне байланысты болмайды (ұқсастығы жағынан да, айырмасы жағынан да), тәрбиелеудің жеке дістерінен де шықпайды.

Отбасылық тәрбиенің ерекшелігін оның анықтамасынан көруге болады. Отбасылық тәрбие дегеніміз – ата-ананың баласының рухани және дене бітімінің қасиеттерін саналы түрде қалыптастыру үрдісі. Тәрбиелеу әдістерінің түрлі топтамасынан да, оның ерекшеліктерін байқаймыз. Отбасылық тәрбиеде біз келесі әдістерді қолданамыз:

- сендіру;
- тіршілікті ұйымдастыру;
- түзету;
- марапаттау және жазалау;

Сендіру әдісінің басты мақсаты тәрбиеленушілердің саналығын дамытуда, көзқарастар мен пікірлер жүйесінің қалыптасу үрдісін ұйымдастыруда, өзіндік ойлауды дамытуда (ақпараттық, іздестіру, өзара ағарту, дискуссиялық әдістерінің көмегімен).

Тіршілікті ұйымдастыру дегеніміз баланың дене бітімінің, әлеуметтік және рухани қалыпты дамуы үшін ересектердің тиімді жағдай жасауы. Бұл әлеуметтік, шаруашылық тұрмыстық, санитарлық-гигиеналық жағдай, отбасындағы еңбек және рухани атмосфера, ата-ананың білімділік деңгейі.

Түзету дегеніміз – педагогикалық тәсілдердің көмегімен баланың жағымсыз мінезқұлық көріністерін түзету. Марапаттау мен жазалау педагогикалық ынталандыру әдістері, олар баланы қоғамдық пайдалы қызметке итермелей отырып, сонымен бірге жағымсыз мінезқұлық пен әрекеттерді тежейді.

Демократиялық стиль келесі параметрлермен анықталады: ата-ана мен баланың арасындағы тікелей сөзбен қарым-қатынас

жасаудың жоғары деңгейі; баланы отбасы мәселелерін талқылауға тарту; ата-ананың баласына көмек беруге даярлығы.

Қадағалаушы стильде ата-ана баласының әрекеттерін едәуір шектеп отырады: балаға шектеудің мәнін анық түсіндіру, ата-ана мен баланың арасында жаза шаралары жөнінде келіспеушіліктің болмауы.

Тәрбиелеудің демократиялық стилі қолданылатын отбасындағы балалар жетекшілік қабілеттерінің байқалуымен, шабуылдаушылығымен, басқа балаларды қадағалауға ұмтылуымен сипатталады, ал балалардың өзі сырттан қадағалауға қиын көнеді, алайда оларға альтруизм, эмпатия тән емес.

Тәрбиелеудің қадағалаушы стилі қолданылатын балалар көңіш, қорқақ, шабуылдаушы емес болып келеді. Тәрбиелеудің аралас стилі қолданылған балаларға іштей тыну, шабуылдамаушылық, қызығушылықтың болмауы, ойлаудың айрықшылығы, қиялшылық тән емес.

Отандық педагогтар ата-аналық тәрбие стилінің келесідей топтамасын ұсынады: босаң (либералдық), авторитарлық және демократиялық.

Біріншісі қандай да бір қарым-қатынастың жоқтығымен сипатталады: отбасы мүшелерінің бір-бірінен алшақтығы, бөтенденуі, бір-бірінің істері мен сезімдеріне немқұрайлы болуы. Келесі екеуі – авторитарлық және демократиялық стильдер – өзіндік шкала құрайды, оның бір жағында қатаң авторитарлық сипат басым болады, яғни отбасы мүшелерінің шағымдануға жатпайтын, ешкіммен санаспайтын қарым-қатынасы, қатыгездігі, шабылдаушылығы орын алса, екінші бөлігінде – ынтымақтастық, өзара көмек, сезім мен эмоция дамыған мәдениет, сондай-ақ отбасылық одақтың барлық мүшелерінің шын мәніндегі толық тең құқықтылығы орын алатын алқалы демократия. Авторитарлық стиль – баланың отбасында мәңсіздігі мен керексіздігі салдарынан ол ата-анасынан алшақтайды.

Жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылатын педагогикалық үрдіс отбасының педагогикалық үрдіс аясында жүреді. Мектеп оқушылары отбасының педагогикалық үрдісіне қатысатынын және осы үрдістің нәтижесі ата-ананың үрдісті қаншалықты саналы басқаратынына көбірек байланысты болатынын ескере отырып, осы екі педагогикалық үрдіс өзара байланысты деуге болады. Олардың нәтижелері қосылып, не оның тиімділігін арттыра түседі, не бір-біріне қарама-қайшылық тудырады, онда тәрбиелік әсер едәуір төмендейді.

Балалардың екі педагогикалық үрдіске қатысуы отбасындағы тәрбие жұмысының жағдайын білу, ата-ананың педагогикалық

мәдениетін көтеру, отбасындағы педагогикалық үрдістің оң және теріс жақтарын ескере отырып, мектептегі педагогикалық үрдісті жасау қажеттігін туындатады.

Балаларды тәрбиелеудегі әлеуметтендіру дегеніміз – индивидке қоғамның тең құқықты мүшесі ретінде өмір сүруіне мүмкіндік беретін білім, қағидалар мен құндылықтардың жүйесін меңгеруге көмектесетін бүкіл әлеуметтік және психологиялық үрдістер жиынтығы. Оған саналы, қадағаланатын, мақсатты әсер ету (кең мағынада алғанда тәрбиелеу) ғана жатпайды, сонымен бірге жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін тылсым, кездейсоқ үрдістер де жатады.

Ата-ананың отбасы – әлеуметтендірудің маңызды институты. Алайда қазіргі отбасы бұрынғы кезеңде алған басым рөлін жоғалтты. Бұған жалпы тәрбиенің мәні де, ерекшелігі де, отбасының өзінің өзгеруі де әсер еткен: тұрақтылықтың өзгеруі, баланың аздығы, әкенің дәстүрлі рөлінің әлсіреуі, әйелдердің еңбекпен шұғылдануы және т.б. Отбасындағы қарымқатынас стилі де өзгерді. Авторитарлық тәрбиенің күйреуі ата-ана мен баланың өзара қарымқатынасын жұмсартып, жақындатып, екі жаққа да жекеше әрі эмоционалдық тұрғыдан маңыздырақ ете түсті. Қазіргі күні тәрбиелеуде ата-ананың билігі емес, моральдық беделі жөніндегі мәселе маңыздырақ. Күшке сүйенетін билікке қарағанда, ата-ананың моральдық беделін ұстап тұру қиынырақ. Тәрбиелеудегі қарым-қатынасты жекелендіру оның мәнін арттырады, сонымен бірге бұл қатынастарды, әсіресе ата-ананың қарым-қатынас ауқымы мен тандауы кеңейген жасөспірімдік кезеңде нәзіктендіре түседі.

Отбасы баланың тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамда алғашқы қадам жасауына жәрдемдесуі тиіс. Мүмкіншілігі шектеулі бала дүниеге келгеннен кейін оның тәрбиесіне отбасының әр бір мүшесі жауапты. Өйткені мұндай балалар отбасына көптеген проблемаларды өзімен бірге ала келеді. Ата-ана балаға қойылған аңғарымды алғаш естіген кезде үрейленіп, қорқыныш сезіміне беріле бастайды. Одан кейін өздерін кінәлі санау басталады. Сондықтан, мұндай отбасылар арнайы педагог мамандардың, соның ішінде дефектолог, психолог, әлеуметтік-педагогтардың көмектеріне зәру. Өйткені мұндай балалар ерекше көңіл бөлуді, арнайы тәрбиелеу мен оқытуды талап етеді. Мүмкіншілігі шектеулі баланың отбасындағы қарым-қатынасын және өзі қатарлас балалармен қарым-қатынасын анықтау, олармен бірдей деңгейде араласуына мүмкіндік туғызу, білім деңгейіне сай оқыту және қоғамның болашақ өз-өзіне сенімді азамат етіп тәрбиелеу үшін педагог мамандар ата-аналармен, әлеуметтік

сала қызметкерлерімен тығыз байланыста болуы керек. Тек осы жағдайда ғана, мүмкіндігі шектелген балалардың өздерін қоғамның толыққанды азаматы ретінде қабылдауына жағдай туатын еді.

Сонымен, дамуында бұзулушылықтарының болуымен балалары бар отбасындағы қарым-қатынастар тұрақты болып тұрмайды. Мүмкіншілігі шектеулі балалардың ата-аналары психологиялық күйді бастан кешіріп, шамалап үйрене бастайды. Ата-аналар түрлі мамандардың, медицина қызметкердерінің, дефектологтардың, психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің көмегіне мұқтаж болады [4, 109 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Елешев, А. К., Жаназарова, З. Ж. Отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері// Вестник КазНУ. психология и социология сериясы, № 2 (37) – 2011. – 43–44 б.

2 Заркенова, Л. С., Омарова, Н. Н., Ильясова, Б. И. Арнайы педагогика: Оқу құралы – Алматы: «Эверо», 2016. – 125–142 б.

3 Мухина, В. С. Детская психология. – М., – 1985. – 211 с.

4 Социализация личности: норма и отклонение. – М., – 1996. – 224 с.

АУТИСТ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДЕ СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

КИТАПБАЕВА А. Р.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Әрбір ата-ана баласы өмірге келгеннен кейін бала денсаулығының дұрыс болғанын қалайды. Ата-анасы баланың жасаған әрбір қимылына, басқан әрбір қадамын, алғашқы шығарған дыбысына, алғашқы сөзіне қуанады. Әр бала қоршаған ортаның қамқорлығын қажет етеді. Бірақ кейбір балалар қоршаған ортадан алыстап, өз әлемінде өмір сүреді. Олар әр жаңа затқа қызықпайды, оны танып-білуге қызығушылығы болмайды. Осындай балалар қарым-қатынас жасауда, әлеуметтік ортаға бейімделуде, ата-анасымен сөйлесуде қиындықтарға кездеседі. Осындай белгілер арқылы балада аутизмнің немесе оның кейбір белгілерін анықтауға болады.

Елімізде аутизм туралы ақпарат аз, ал онымен күресіп жүргендер көп. Әлем бойынша 67 миллион адам аталған дертпен күресуде, ал Қазақстандықтардың саны мыңнан асып жығылады.

Елімізде аутизм бар балалардың саны күрт өсуде. 2003 жылы 77 бала тіркелген болса, 3 жылдан кейін бала саны 255-ке жеткен, 2010 жылға қарай 326 бала тіркелген. Ал қазіргі таңда балалар аутизмі 1500 жуық баллада байқалған.

Аутизм ми жұмысының бұзылуынан туады. Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі.

Мамандар аутизмнің 300-ге жуық себебін атап отыр. Бірақ нақты тұжырым, дәйекті дәлел жоқ. Ең алғаш аутизм туралы Э. Блейлер, Лео Каннер, О. С. Никольская, Г. Аспергер, А. Ретта, К. С. Лебединская сынды ғалымдар қарастырған. Қазіргі кезеңде аутизмді зерттеу өрісі кеңейіп отыр. Аутизм ¼ бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін [1, 76 б.].

2000 жылы аутизмнің таралуы 10 000 балаға шаққанда 5-тен 26-ға дейінгі жағдайды құрайды деп саналды. 2005 жылы 250–300 жаңа туған нәрестеге орта есеппен аутизмнің бір оқиғасы келді: бұл оқшауланған керендік пен соқырлық бірге алынғандардан, Даун синдромынан, қант диабетінен немесе балалар жасындағы онкологиялық аурулардан жиі. Дүниежүзілік аутизм ұйымының мәліметтері бойынша, 2008 жылы 1 аутизм жағдайы 150 балаға келеді. Осы жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) проблеманың тереңдігін және қоғам үшін зардаптардың ауырлығын түсіне отырып, 2 сәуірде «аутизм туралы ақпаратты таратудың дүниежүзілік күні» деп жариялады. 2012 жылы Америка Штаттарындағы аурушандықты бақылау орталығы әр 88 балаға

аутизмнің 1 жағдайы туралы орта есеппен баяндайды. Он жыл ішінде аутизмі бар балалар саны 10 есеге өсті. Өсу үрдісі болашақта да сақталады деп есептеледі.

Мұндай балалар туралы ресейлік статистика әлі жоқ. Егер басқа елдер бойынша орташа деректерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда 200 мыңға жуық аутикалық бала бар, ал Алматыда – 1200-ден 500-ге дейін. Әдеби деректерге сәйкес, ұлдар қыздарға қарағанда аутизмден 3-4 есе жиі зардап шегеді. «Аутизм» ұғымы өткен ғасырдың ортасында австриялық және американдық педиатр және психиатр Лео Каннермен енгізілді. 1943 жылы үлкен балаларда ұқсас бұзылуларды австриялық ғалым Ганс Аспергер сипаттады, ал 1947 жылы – кеңестік ғалым Самуил Мнухин. Бүгінгі таңда көптеген мамандар алдымен көрінгеннен әлдеқайда ауқымды және күрделі екені түсінікті. Бұл жай ғана психикалық ауытқулар емес, көпфункционалды бұзылыстар, оның негізінде-өртүрлі текті проблемалар: иммунологиялық, неврологиялық, биохимиялық, эндокриндік және т. б.

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизмі бар балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жаракаттар, нейроинфекциялар, тағы басқа жағдайлар барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар.

Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды жеңуге, алдын алуға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері әр түрлі. Жиі кездесетін бихевиористік психологияның негізінде операнттық оқыту (мінез-құлықтық емдеу).

Бұл түзету әдісі АҚШ-та және басқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін сыртқы жағдайларды арнайы қамтамсыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек ету дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған балалардың 50–60 пайызы жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады, кейін орта, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Операнттық оқыту әдістен басқа шет елдерде ТЕАССН атты бағдарлама (Э. Шоплер, Р. Райхлебер), холдинг терапия (М. Уелш)

күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамсыз ету арқылы емдеу (К. Китахара) т.б тәжірибеде жиі пайдаланады.

Ресейлік тәжірибеде ең танымал К. С. Лебединская мен О. С. Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесі. Бұл әдістеменің негізгі ерекшелігі дәрігер, педагог пен психологтардың бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасау. Өткен ғасырдың ортасынан бастап балалық ерте жастағы аутизмді зерттеулер басталуына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арнайы кешенді көмек көрсету жүйесі құрастырылмаған.

Арнайы білім беруде бұл әсердің маңызы зор. Заманауи құралдарды, диагностикалық әдістерді және технологияларды қолдану баланың тек сол кездегі ғана функциясын анықтамай, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды анықтап, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі.

Сенсорлық интеграция әдістемесін қолдану.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Қазіргі уақытта психологияда осы аурудың ерекшелігін нақты түсіну жоқ. РДА генезисі туралы көптеген теориялар бар. Ресей медицина ғылым академиясының РДА жіктеуінен біз оның нұсқалары каншалықты өртүрлі екенін көре аламыз:

- 1 Каннердің ерте инфантильді аутизм синдромы;
- 2 Аспергердің аутистік психопатиясы;
- 3 эндогенді, постприциялық (шизофрения ұстамаларының салдарынан аутизм);
- 4 аутизмнің резиденттік-органикалық нұсқасы;
- 5 хромосомалық абберрация кезіндегі аутизм;
- 6 рет синдромы кезіндегі аутизм;
- 7 белгісіз генезді аутизм. Аутистік бұзылулар спектріне түсетін балалар мен адамдардың саны, әдетте, жалпы белгілермен, яғни тән триаданың болуымен біріктірілген: басқа адамдармен қарым-қатынаста қиындықтар; жаңа және белгілі бір қызығушылықты қабылдаудағы қиындықтар; қайталанатын мінез-құлық суреттері.

Осылайша, аутизм – бұл дамудың жалпы бұзылуы, ол қарапайым адами жүктемелердің көтере алмаушылығымен (барлығы тым қатты және айқын қабылданады), әсіресе басқа адаммен жақын қарым-қатынаста және Я. сезімінің әлсіздігімен сипатталады. Бұл ретте мұндай диагнозы бар балалар, шын мәнінде, қоршаған әлемнен алаңдамайды – қарым-қатынас жасау және түсінікті болу ниеті, әдетте, кәдімгі балаларға қарағанда одан да көп. Барлығының сөйлеуі бұзылған жоқ. Олардың көпшілігі өте жақсы сөйлейді және сақталған, кейде өте жоғары, интеллект [2, 176 б.].

Аутизмді түзетудің бірнеше әдістері бар. Ең көп нәтижеге бір уақытта бірнеше әдістерді қолдана отырып қол жеткізуге болады. Тұжырымдамалық негізін ТЕАССН және АВА әдістемесі құрайды. Осы әдістемелерден басқа пәнотерапия (сенсорлық интеграция және стимуляция) Құм терапиясы, иппотерапия, дельфинотерапия, кинезотерапия және т. б. жатады. Олар аутист бала үшін өте жағымды ынталандыру болуы мүмкін, бірақ ол аутизм аз болмайды.

ТЕАССН әдістемесі (Teaching children with Autism to Mind-Read) ересектер балаға жайлы жеке даму үшін ерекше орта жасауы керек, одан барлық тітіркендіргіш факторларды көрсетеді. Осы жүйе бойынша тәрбиеленетін баланың күні бойы қатаң кестеге бағынады, ол карта-кеңестердің арқасында баланы сіңіреді. Барлық заттарға белгілі бір орын беріледі. Бөлмедегі заттардың жағдайы өзгермейді. Кор-рекциялық сабақтар баланың бейімделуінің және педагогпен байланыс орнатудың ұзақ кезеңін қамтиды. Әрекетке түрту немесе итеруге жол берілмейді.

АВА-мінез-құлықты өзгерту әдістемесі, аутизмнің ауыр түрлері үшін қолайлы. Әрбір іс-әрекет баламен бөлек оқытылады, содан кейін іс-әрекеттер күрделі іс-әрекет жасай отырып, тізбекке қосылады. Ересек адам балаға бастама беруге тырыспайды, оның қызметін қатаң басқарады. Дұрыс әрекеттер автоматизмге дейін бекітіледі, дұрыс емес-қатаң түрде жойылады. Педагог барлық жаңа және жаңа дағдыларды кезең-кезеңмен игеру мен күрделенудің нақты жүйесін құрады. Тәжірибелі психологтар бұл жұмыстың ұзартылған және әдістемелік болуы керектігін де түсінеді. Аутизмді емдеуге мүмкіндік беретін дәрі-дәрмектік емдеу жоқ. Дәрі-дәрмектік терапия қосымша мәселелерді – агрессивтілік, бейімділік, тик, үрей, көңіл-күйдің ауытқуы, гипербелсенділік және т.б. шешу үшін тиімді болуы мүмкін. Яғни, негізінен – оналту және қоғамға ықпалдасу. Ресми түрде бізде «аутизм» диагнозы жоқ. Формальды түрде

балаларға тиісті симптомдар анықталған кезде жиі, бірақ әрдайым емес, ауру тарихында «ерте балалар аутизмі» деп жазады [3, 60 б.].

Шын мәнінде, Қазақстан тәжірибесінде ерте балалар аутизмі деп балалар шизофрения түсініледі, емдеу әдістемесіне сәйкес келетін тәсілдер бар, ауыр психикалық науқас адамдарға аутистке қатынасы бар, нейрелептиктер мен психотроптық препараттарды тұрақты қолдану, жабық арнайы мектептер, психоневрологиялық диспансерлер мен интернаттар. 18 жасқа толған соң «ерте балалар аутизмі» диагнозы автоматты түрде «толыққанды» шизофренияға ауысады. Қорытынды – толық мүгедектік және іс-әрекетке қабілетсіз, ерте қайтыс болған, сынған және қызған отбасылар [4, 41 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гилберт, К., Питерс, Т. Аутизм. : Медицинское и педагогическое воздействие: Книга для педагогов – дефектологов – М. Владос.–2003 – 106 б.

2 Зацепин, В. И., Бучинска, Л. М., Гавриленко, И. Н. и др. Справочник. – К. : Политиздат, 1989. – 255 с.

3 Каирова, Б. К. Элеуметтік психология. Костанай, 2008. – 86 б.

4 Малдыбаева, А. О., Орынбаева, Э. Э. «Дефектология негіздері» Шымкент, 2007. – 41–43 б.

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПАЙДАЛАНУ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСТАУЛАРЫ

КНЯЗГАЛИЕВА А.

студент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.

АЛБЫТОВА Н. П.

п.ғ.к., профессор, ӘП ӨӨТ кафедрасы,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістікке енуі, соның салдарынан тұлға дамуында түбегейлі өзгерістердің көрініс табуы әр ұттың өз тарихына, әдебиетіне, тіліне, діні мен тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауға негіз болып отыр. Осыдан адам болмысының табиғатына үңілу, оның рухани дүниесі мен жан әлеміндегі сырын ашу, қоғамдық қарым-қатынастарды зерделеу тәрбиенің басты қағидасы саналады. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінің

білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер рухани жаңғыру мәселесін басты нысанда ұстайды.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. ...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген болатын [1].

Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында: «Тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы – «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары құрайды. «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасы, «Тарих тағылымы» (қалалар мен ауылдардың, көшелердің тарихын және мемлекеттің дамуына үлес қосқан тұлғаларды зерттеу) және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» (ақындар, жырау, күйші шығармашылығы арқылы ұлттық фольклорды зерттеу) әлеуметтік жобалары жалғасатын болады» деп, рухани жаңғыру бағытындағы жұмыстардың жалғасатындығын атап көрсеткен [2].

Жеке тұлғаны азаматтыққа, елжандылыққа баулу проблемалары әртүрлі саладағы мамандарды ойландырып, философия, мәдениеттану, психология, әлеуметтану, этнология, дінтану және педагогика салаларында жүйелі зерттеулер жүргізудің өзекті мәселесі болып келеді.

Тарихи-педагогикалық зерттеулерге жасаған талдау дәстүрлі мәдениетке бірқатар ұлы классик педагогтардың (Я. А. Коменский, И. Г. Песталотии, Ж. Ж. Руссо, К. Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин және т.б.), кеңес педагогикасы өкілдерінің (А. С. Макаренко, С. Т. Шацкий, Л. Н. Толстой, В. А. Сухомлинский және т.б.), қазақ ағартушылары, қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың (Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, А. Сейдімбек, Ә. Қоңыратбаев, К. Іслямжанұлы және т.б.) аса назар аударғанын, тәрбиенің халықтық негізін және халық тәрбиесі құралдарының педагогикалық тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеп, негіздеген, сондай-ақ өз еңбектерінде ұтымды пайдаланғанын көрсетеді [3, 4].

К. Д. Ушинский педагогикаға «халық педагогикасы» ұғымын енгізсе, Г. Н. Волков оны «этнопедагогика» деңгейіне көтеріп, өз алдына ғылымның бір саласы ретінде ұсынды.

Қазақстанда этнопедагогикалық материалдарды педагогикалық процесте кеңінен пайдалану мүмкіндіктері арнайы зерттеліп, ғылыми мектеп қалыптасты деуге боларлық (А. Кубесов, Қ. Б. Жарықбаев, С. Қ. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Ж. Қожахметова, Қ. Шалғынбаева, Т. Әлсатов, И. Халитова Ж. Асанов, және т.б.) [5].

Этнопедагогиканың негізгі саласын құрайтын фольклор жанрларын бірқатар ғалым-педагогтар мектепке дейінгі ұйымдарда, бастауыш мектепте пайдалану бағытында арнайы зерттеді (Ә. Табылдиев, М. Балтабаев, С. Ұзақбаева, П. Қышқашбаев, А. Р. Құрсабаев, А. Құралов, Е. Сағындықов, С. Елубаев, Н. Албытова және т.б.) [6, 7].

Этнопедагогика тұлғаның тұтас дүниетанымын қалыптастырады. Оның қайнар бастауы – фольклор жанрлары адамның адамгершілік санасы оның эмоционалдық саласы және тәрбиесімен бірлікте күрделі құбылысты білдіреді. Ол алғашқы адагершілік түсініктерден қалыптасып, өмір бойы күрделене түседі және байиды. Алайда адам адагершілігінің өзегі оның адагершілік сезімі, уайымы, ары болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде мектеп жасына дейінгі балалардың сезіміне әсер етіп, эмоциялық қуатының артуына балалар фольклорының орны шексіз деуге тұрарлық. Бегілігі жазушы, фольклорист-ғалым М. О. Әуезов Ұлы Абайдың қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтағанда оның бай фольклордан бастау алып, шығыс, бастыс мәдениетімен байланыстылығын айғақтайды.

Адамгершілік сананың және мінездің маңызды құраушысы адамгершілік қажеттілік және еркіндік, тілек, батылдық, өмірде адамгершілік тандауды жүзеге асыру қабілеті болып табылады. Адамгершіліктен тыс еркіндікте адамгершілік тәрбиесі болуы мүмкін емес. Көзсіз тыңдау, ессіз орындау әлсіздік, мінезсіздік және түптеп келгенде өнегесіздікке алып келеді. Тек ғана сенімділік, өз арынмен келісім және жігерліліктің қатандығы нағыз адамгершілік әрекет жасау мүмкіндігінің барлығын қамтамасыз етеді.

Екі жасар бала ертегі естіп отырыпта жылап жіберетін сәттері де болады. Психологияда бұл факты жас баланың басында елестеудің және қиял елесінің пайда болуынан деп көрсетеді. Бала қиялының мазмұны бастапқы кезде жұтаң әрі ырықсыз түрде болады. Өсе келе тәрбие мен өз іс-әрекетінің тәжірибесі негізінде бала қиялы дамып,

сапасы артады. Дамудың бұл кезеңдегі өзгешелігі-балалардың кез-келген әрекетінде шығармашылық қиялдың элементтерінің көрініс табатындығы байқалады. Мұны әсіресе, балалардың ертегі, өтірік өлең, жаңылтпаш т.б. ындап немесе өзі қрастырып отырған сәттеріне қатысты аңғаруға болады. Қиялдың алғашқы көріністері 3 жасар бөбектерде байқалады. Өйткені олар қызық ертегілерді шын ықыласымен тындап, бар ынтасымен беріледі. Фольклордағы образдар шындықтан алыс жатқанымен, бала санасында кез-келген нәрсенің бейнесі оңай тоғысады да, бұдан керемет қиял көріністері құралады. Балалардың осындай әрекеттерінен олардың ой-қиялы толығы түседі, жаңа рөлдер тауып өз бетімен құрастыра алады. Бұл шығармашылық қиялдың белсенді қатынасынан туындайды.

Фольклоршы ғалым М. Ғабдуллин «Қазақ ауыз әдебиетінің бірнеше түрі бар. Соның ішінде бастылары: халық арасында алуан тақырыпқа шығарылған өлеңдер, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері т.б.» – деп топтастырып, бала тәрбиесіндегі маңызын зерттеген [8].

К. Матыжанов фольклорды зерттеуде олардың бала ұғымына жақын мазақтама өлең, жаңылтпаш, ертегі, ұлттық ойын сияқты жанрларына кеңінен баға береді. Автор әр жанрға ұлттық сана және мінезді қалыптастыратын маңызды құрал ретінде қарап, баланың жүйке жүйесіне және тәрбиесінің барлық жиынтығына тікелей жауап бере алатындығына аса мән береді. Ғалым «... балалар фольклоры дегеніміз – ол мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес, балалардың өзіндік қиял-армандарын, талаптарын, ой-пікірлерін, айналадағы құбылысты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастыратын халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы болып табылады. Демек, балалар фольклоры балалардың қызыға сүйсіне тындайтын, шығармашылық қасиеттерін арттыратын, логикалық ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытатын құнды жанр екені анық» – деген тұжырым жасайды да балалар фольклорын балалардың өздері және тәрбие үшін ересектер құрастыратырады деп екіге бөледі [9].

Мұндай алғашқы ұлттық сана және мінездік қалыптасулар фольклор жанрындағы қарапайым ережелер шеңберінде туындайды. Елжандылық, іске жауапкершілік, мінез-құлықты бақылай білу, өнегелі қарым-қатынас, достық, жақсылыққа ұмтылу сияқты құралдар өмір ережелеріне сіңіп, рухани толысуға бастайды.

Демек, рухани жаңғыру бағытындағы жұмыстарды мектепке дейінгі ұйымдарда пайдалануда фольклордың, оның ішінде

қазақ балалар фольклорының орны ерекше деп білеміз. Балалар фольклорын мектеп жасына дейінгі балалармен атқарылатын іс-әрекеттерде кеңінен пайдалануда төмендегідей ұстанымдардың орындалуын ұсынамыз:

- балалар фольклорының рухани жаңғыру бағытындағы тәрбиелік мәнін зерттеу;

- балалар фольклоры жанрларын мектепке дейінгі ұйымдардың оқу қызметтерінде, ертенгіліктерде, серуенде тұрақты пайдалану;

- әр түрлі жанрларды отбасы тәрбиесінде басшылыққа алу қажеттілігіне қолдау көрсетіп отыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев, Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017 ж.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

3 Қалиев, С., Изғұттынова, Р., Жексенбаева, Г. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы. – Алматы: «Рауан», 1996, – 104 бет.

4 Сейдімбек, А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1995. – 464 б.

5 Ұзақбаева, С. А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы: Білім, – 1990. – 30 бет.

6 Табылдиев, Ә. Халық тағылымы. Қазақ университеті, 1992 – 200 б.

7 Сағындықов, Е. Қазақ ұлттық ойындары. -Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.

8 Ғабдуллин, М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы. – Санат, 1996 – 368 б.

9 Исламжанұлы, К. Рухани уыз. Алматы: Ана тілі, 1995. – 141 б.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІБИ ЕҢБЕККЕ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ

ҚҰЛБАЙ А. С.

студент, ПМПУ, Павлодар қ.

КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.

п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды еңбекке баулу-маңызды мәселе. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мүгедектер үшін көптеген бағдарламалар жасақталып, жұмыстар жүріп жатыр. Соның ішінде кембағал жандарды жұмыспен қамту маңызды мәселе болып табылады. Елбасымыз да өзінің соңғы Жолдауында осы мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты орынды мәселелер көтеріп, оларды жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлу керектігін қадап тапсырған болатын. Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды. Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек. Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты – еңбекке үйрету, өмірде өз орнын табуға баулу, өмірге икемді жеке тұлға қалыптастыру. Ең алдымен тәрбие ісіне терең сезім қажет. Тәрбиеге нағыз сенім бар жерде ғана, нағыз талапшылдық еңбек тәртібі болады. Еңбек, еңбек–бәрін жеңбек. Осы бір мақалдың ішіне барлығы сиып тұрғандай. Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар дегенде көз алдымызға еңбекке жарамсыз, ата-ана қамқорлығында отырған балалар елестейді. Еңбек баланың өмірлік қажеттілігі. Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалардың өзіндік еңбек дағдылары бірден қалыптасып кетпейді. Мұндай балалар ата-ана мен арнайы мамандардың көмектерін қажет етеді. Оларға өздерін танытып, айналасындағылармен араласуға мүмкіндік беру керек. Өздері өте жасық келеді. Бойында дарыны бар балалар қаншама. Мұндай балаларды еңбекке баулыса, ертең есейгенде өмірде өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді. Күнделікті үй тұрмысындағы еңбектің өзі баланың еңбек дамуының көзі. Баланың өзіндік қызмет дағдыларының қалыптасуын қадағалау қажет. Оның дұрыс тамақтануы, тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарын, киімдерін жинау ұқыптылықтары еңбектену көзінің бұлағы емеспе. Үйде жасалатын жұмыс туралы түсінігін дамыта отырып, заттық ойын және іс-әрекеттерін ұйымдастыру күнделікті еңбек дағдыларының қалыптасуы болып табылады. Осы тұрғыда ата-ананың орны ерекше. Ертең есейгенде олар кім болып шығады деген сұрақ әрбір ата-ананы

ойландыруы тиіс. Баласының қалаған ісімен еркін шұғылданып, қоршаған дүниені тануына, олардың толыққанды тұлға ретінде сезінуіне көмектесіп, жол аша білу керек. Осыған байланысты педагогтар да балаға арналған жеке даму бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды. Ата-ана мен педагогтар бірігіп жұмыс жасаса мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды еңбекке баулу мәселесі өз шешімін табады [1, 105 б.].

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік-педгогикалық көмек көрсету. Әлеуметтік тексеру – тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, дене кіріптарлығына, жинақтылығына, әдеттегі қызметпен айналысу қабілеті, экономикалық дербестігі мен қоғамға кірігу қабілеті шектелуін байланысты болуы мүмкін әлеуметтік кемістіктер дәрежесін айтады. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға ұзақ уақыттық экономикалық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық көмек көрсетіліп отырады. Педагогикалық тексеру арқылы тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың зияты жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алумен қарым-қатынас жасауға әлеуметтік мүмкіндіктерін анықтайды. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық қызмет көрсету бұл ерекше қажеттіліктерді талап ететін адамдарға- үздіксіз педагогикалық ұйымдастырылған процесте әлеуметтік тәрбие беру. Әлеуметтік-педогогикалық қызмет адамның өмірлік жағдайларымен, экономикасымен және саясатты тығыз байланысы. Әлеуметтік бейімдеу – нысаны әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеру мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолмен әлеуметтік орта жағдайында белсенді түрде икемделуі. Әлеуметтік жұмыс – жекелеген адамдарға, отбасыларына олардың толық қанды әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінде әлеуметтік педагогикалық әрекеттің орны ерекше. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қазіргі әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету жүйесі өзіндік көпсалалы инфрақұрылымына ие. Оның әртүрлі бөлімдері білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт, сонымен қатар ата-аналар және мамандар ұйымдары, мейірім қорлары, діни және т.б. мемлекеттік емес құрылымдар әрекеттер құрамына кіреді. Бұл жүйеде қызмет ететін маман -

әлеуметтік педагог. Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеті мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты және де балалар мен жасөспірімдері әлеуметтік бейімдеу. Өзінің мақсатына жету үшін әлеуметтік педагог мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, білім беру мекемелерімен, денсаулық сақтау мекемелерімен, тұрғындарды әлеуметтік қорғау және т.б. мекемелермен тікелей байланыс жайсайды. Мекемелермен ұйымдарда тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғайтын жерлердегі адамдармен қарым-қатынас орнау қажет. Әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекет мазмұнына келесі бағыттар кіреді:

- әлеуметтік ортада жағымды, адамгершілік бағытында қарым
- қатынас қалыптастыру- баланың тұлғалық дамуына әсер ету;
- тәрбиеленуші мен түлектердің әлеуметтік бейімделу мен оңалтуына жағдай жасау;
- оқушылардың жеке және әлеуметтік мәселесін шешуге көмектесу;
- арнайы педагогтар мен оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ағартушылық жұмыс атқару;
- сот және заң органдарында арнайы (түзету) мекеме аталатын тәрбиеленушілер құқықтарын қорғау;
- жұмысқа орналасу үшін немесе оқушылар білім алу үшін қажетті құжаттарды дайындауда әкімшілік, психолог, педагогтар және т.б. қызметкерлермен бірігіп қарым-қатынас жасау;
- әлеуметтік медициналық көмекті қажетсінетін балаларды есепке алу, көмекпен қамтамасыз ету.

Кемтар балаларға ерте көмек көрсету жүйесі [2, 132 б.].

Қазақстан мен ТМД елдерінде әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кезеңінен бастап ерекше демографиялық жағдай туындап дүниеге сәбилердің келу көрсеткіштерінің аса төмендеуі, халық арасындағы өлім-жітімнің көбеюі және халықтың табиғи өсу төмендеуінің байқалды. Бұл жерде аналар денсаулығының нашарлауы, жүктілік және босану кезіндегі асқынулар да айқын әлеуметтік-экономикалық сипат алды. Осы жағдайларға байланысты соңғы жылдары елімізде мүгедек балалардың саны өсіп, мамандардың назарына түсті (Сүлейменова Р. А., Хакижанова Г. Д.). Барлық экономикалық қиыншылықтарды ескере отырып, балалардың дамуындағы кемістіктерді түзетудің ең нәтижелі жолы ерте коррекциялық көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру. Бірқатар шет елдегі және отандық зерттеулер көрсеткендей түзетушілік әсер етуді неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым нәтижелі болады. (Ерсарина

А. К., Стребелева Е. А., Сүлейменова Р. А., Разенкова Ю. А. т.б.) Қолайлы ерте көмек көрсету маңыздылығы баланың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен белгіленеді. Мектепке дейінгі жастағы, мектеп жасындағы балалардың, жеткіншектердің және ересектердің денсаулығының негізі осы ерте жаста қаланады. Осы кезде ағзаның барлық физиологиялық және функционалды жүйелері құрыла бастайды. Ерте коррекциялық көмек көрсетудің негізі – сәбилер мен ерте жастағы балалардың физиологиялық және психикалық дамуын жан-жақты зерттеу болып табылады. Ерте коррекциялық көмек көрсету тәжірибесін іске асыру нақты түзетушілік нысанын анықтаудан басталады. Көптеген мамандардың ойы бойынша мұндай жұмыстар тек дамуында белгілі бір кемістіктері бар балалармен ғана емес, сонымен қатар болашақта әлеуметтік бейімделуі қиын болу мүмкіндігі бар балалармен жүргізілуі тиіс. Осындай кешенді көмекті талап ететін балаларды анықтаудың негізгі құралы жалпы скрининг әдістемесі болып табылады. Балалық психоневрологиялық ауытқулықтар деректеріне отбасының ауыр қаржылық, жалпы толыққанды өмір сүру жағдайларының жеткіліксіздігін жатқызамыз. Сонымен қатар ата-аналар арасындағы ішімдік пен нашақорлыққа салыну да жағымсыз факторлар қатарына жатады [3, 10 б.].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында балаларға ерте педагогикалық - түзетушілік көмек көрсетуге байланысты бірқатар құжаттар қабылданып, жүзеге асырылуда, оның ішінде ерекше орынға ие «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы. Ерте қолға алу (ерте қолдану) – психикалық – дене бұзылыстары скринингін, медициналық психологиялық-педагогикалық диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау. Мемлекеттік ерте жастан коррекциялық – педагогикалық көмек көрсету жүйесі әзірленіп (Р. А. Сүлейменова), негізгі бес деңгей бойынша жүзеге асырылуда:

1 Сәбилердің психикалық және дене дамуын жаппай тексеру. Ерте жастан көмекті көрсетуді іске асыру үшін жаппай тексеруді (скринингті) перзентханалар мен емханаларда жүргізілуі тиіс. Скрининг – «қатер» тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру.

2 Скрининг нәтижесінде анықталған «қатер» тобындағы балаларды ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімен

психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді.

3 Арнайы бала-бақшаларды жалпы үлгідегі бала-бақшалардың арнайы топтарында алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсету мекемелердің түзету кабинеттерінде оңалту аймақтарында іске асырылатын түзетушілік жұмыс.

1 Ерте коррекциялық көмек көрсету жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Бұл жұмыс барысында барлық мәліметтерді жүйелеп, компьютерге енгізу және ғылыми зерттеу бағдарламаларын әзірлеу, оларды іске асыру, нәтижелері бойынша нұсқауларды дайындау.

2 Мемлекеттік құқықтық қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғауды басқарудың орталық мемлекеттік ұйымдары жұмыс істейді. Ғылыми жұмыстар бағдарламасының ауқымында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетуді жетілдірудің өзекті мәселелерін арнайы зерттеу жүргізу тапсырмасын анықтайды. Қазіргі уақытта естуінде ауытқуы бар балалар үшін ерте жастан қолдау көрсету жағдайлары қалыптасуда. Әйелдерді босандыру мекемелерінде аудиологиялық скринингті өткізіп, кейіннен сәбидің естуінде ауытқушылық пайда болуы қатері бар болған жағдайда балалар емханасында арнайы есепке алып қабілетін аудиологиялық орталықтарында терең тексеруден өткізу қажет. Сол кешенді тексеру нәтижесінде балаға қандай тиімді шаралар қажет екені анықталады, дыбыс күшейткіш аппарат тағу, естуін жақсарту операция, әлде кохлеар имплант қолдану операция. ҚР кохлеарлық импланттау операциялары нәтижелі өткізіліп жатыр, бірақ операциядан кейін естумен сөйлеуін оңалту жұмысы жеткіліксіз болып тұр. Бұл бағыттың болашағы зор, естуінде ауытқуы бар балаларды ерте жастан қолдау көрсету арқылы сөйлеуіндегі кемістіктердің алдын алып, қоршаған ортаға қиындықсыз бейімдеуге жол ашады. Медициналық-әлеуметтік педагогикалық патронаж (МӨПП). Патронаж – дегеніміз балаға оның ата-анасы мен оқытушыларына ерекше көмек көрсету, баланың өмірін сақтау, қалпына келтіру, емдеу, арнайы оқыту, тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу мәселелерін шешу бағытында арнайы көмек түрі. Медициналық-әлеуметтік педагогикалық патронаж (МӨПП) дамуында ауытқуы бар баланың отбасына әр түрлі мамандардың біріге отырып, кешенді оңалту көмек шараларын ұзақ мерзімде қолдануды қалайды.

Кешенді МӨПП психологиялық, педагогикалық, медициналық, әлеуметтік мекемелер мен және қызметтермен жүзеге асырылады. Аталмыш мекемелер мемлекеттік немесе жекеменшік (қоғамдық бірлестіктер, қайырымдылық орталықтар) болуы мүмкін және олар бір бірінің жұмыстарын толықтыра отырып, дамуында ауытқуы бар балалардың әлеуметтік кеңістікте бейімделудің әртүрлі жолдарын ұйымдастырады ол отбасына әлеуметтік қолдау көрсетудің ұзақ мерзімді шараларына бағытталған. МӨПП-дың негізіне психологиялық-педагогикалық консультациялар (кеңестер), психологиялық-медициналық әлеуметтік орталықтар диагностикалық және оңалту орталықтары, логопедтік пункттер, ерте жастан көмек көрсету кабинеттері және үйде оқыту ұйымдары кіреді. МӨПП жүйесі мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың, балалардың, дамуын жақсарту мақсатында арнайы білім – беру жүйесінің бір бөлігі ретінде қалыптасады. Кешенді МӨПП-ті ұйымдастыру үшін білім саласындағы түрлі ғылыми-әдістемелік мекемелермен және денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау қармағындағы мекемелермен әрекетті үйлестіру қажет. МӨПП өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қажетті білім алу бағытын анықтап, оқыту мекемесін таңдауға көмектесу;
- білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға коррекциялық-педагогикалық дамыту бағдарламаларын өңдеу, іске асыру.
- балаларды әлеуметтену мен оқудың жаңа инновациялық түрлерін қалыптастыруына бағытталған білім беру жүйелерін дамытуға әсер ету.
- түзетушілік – педагогикалық процеске ата-аналарын қосу белсенді қатыстыру үшін арнайы бағдарламаларды әзірлеу, жүзеге асыру;
- өз мүмкіндіктеріне сай баланың еркін дамуы үшін құқықтық кепілдігін жетілдіруге бағытталған қоғамдық – педагогикалық қолдауды жүзеге асыру;
- арнайы білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технологияларын, әдістерін енгізу;
- қазіргі қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамның мәртебесін көтеруге көмектесу үшін арнайы білім беру саласындағы жетістіктерді көрсету, халыққа түсіндіру бағытында бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану;

МӨПП-дың құрылуы отбасы жағдайындағы дамуында ауытқуы бар балаға кешенді көмек көрсетудің, арнайы білім беру жүйесінің

дамуын көрсетеді. МӨПІ мекемелер жүйесінің қызметі нәтижелі болуы үшін оған келесі талаптар қойылады:

- патронаж қызметін ата-аналар мен педагог мамандардың қажет етуі;
- сапалы көмек көрсету арқысында мүмкіндіктері шектеулі балалардың қиындықтарының азаюы;
- өмір сүру шектеулілігінің дәрежесіне қарамастан баланың даму көрсеткішінің өсуі;
- отбасы ішіндегі қарым –қатынастарын қалпына келуі;
- қазіргі уақытта балалар мәселесін шешу аймағында педагогтардан өзге мамандардың біліктілік сапасын өсуі.

МӨПІ-дың процесінің маңызды құрамды бөлігі ерте диагностика мен ерте кешенді көмек көрсету болып табылады, оны ұйымдастырудың нәтижелілігіне мүгедектіктің алдын алу дәрежесі тәуелді болады. Мүгедектіктің алдын алу тек медициналық шаралар ғана емес, сонымен қатар бала дамуын ерте реттеу де жатады. Қазіргі уақытта коррекциялық педагогикадағы ерте диагностикалау мен ерте педагогикалық көмек көрсету мәселесі бүкіл дүние жүзінде жетекші мәселе боп отыр. Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттерде дамуында ауытқуы бар балаларға ерте педагогикалық көмекпен ерте диагностикалау бағдарламалары бар. Осы бағдарламалардың теориялық базасын құру үшін Л. С. Выготскийдің жұмыстарын алған. Дүние жүзілік тәжірибеде ерте көмек көрсету бағдарламаларына: жаңа туылған сәбилер мен 3 жасқа дейінгі балалардың дамуын тексеру, Гавайлық ерте білім беру профилі, «Тандем» дамуды ерте диагностикалау бағдарламалары жатады. Сонымен қатар ресейлік ғалымдардың ғылыми- әдістемелік еңбектері бұл саланы толықтырды, нақты ерте диагностикалау бағдарламалары, дамуында ауытқулықтар бар балаларға психологиялық – педагогикалық көмек көрсетуді т.б. жатады. Ерте көмек көрсету мамандардың айтуы бойынша балаларға неғұрлым ерте көмек көрсетіп және сол жұмысқа ата-анасын қоса, онда, жұмыстың қорытындысы соғұрлым нәтижелі болады дейді. Дамуында ауытқуы бар балаларға ерте кешенді көмек көрсету мен ерте диагностикалау бағдарламалары өз болашағына жаңа бағдарламалар, кадрларды даярлау, білім беру мекемелерінің қызметін қамтамасыз етудің ортақ ақпараттық жүйесін құруды, әлеуметтік қызметкерлерді, педагогтар мен ата-аналарын даярлауды өз алдына қойып отыр [4, 43 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынова, А. А. Б – 17 Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы: Оқу құралы. – Алматы, 2008. – 105–106.
- 2 Заркенова, Л. С., Омарова, Н. Н., Ильясова, Б. И. Арнайы педагогика: Оқу құралы – «Эверо». – Алматы, 2016. – 125–142 б.
- 3 Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед». /под ред. Н. Н. Назаровой. – М. : изд. центр»Академия», 2004. – 10–11 с.
- 4 Шеримова, А. С., Елюбаева, А. Н. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы // Молодой ученый. – № 8.1. Алматы, – 2015. – 41–44 б.

USING INTERNET RESOURCES IN TEACHING ENGLISH

MAVLENOVA D. S.

student, Pedagogical Higher College named after B. Akhmetov, Pavlodar

YEROKHINA I. V.

teacher of English language,

Pedagogical Higher College named after B. Akhmetov, Pavlodar

The main purpose of foreign language teaching is the formation and the development of the communicative culture of schoolchildren learning the practical mastering a foreign language. The teacher's task is to create appropriate conditions for practical language acquisition, selection of training methods that would allow each student to show their activity, their creativity. The task of the teacher – student learning increased in learning foreign languages. Modern teaching technologies such as collaboration, project methodology, the use of new information technologies, Internet resources help you implement student-oriented approach in teaching, provide individualization and differentiation of the learning abilities of children, taking into account their level of teaching, dispositions.

The aim of the work is to investigate how the Internet is used as an educational tool and to research Websites which can be used in educational process for improving English language teaching.

The Internet is one of the most powerful tools for teachers to help students collaborate, interact and participate actively in the learning process. However, the wealth of available resources may cause confusion among students and discourage them from participating, if they are not given the necessary guidelines. When students are faced with thousands of Internet sources they cannot effectively handle such large amounts

of information. One of the most important tasks for teachers is to assist their students so that they can discover what they enjoy most according to their level of linguistic competence. Teachers are also responsible for the evaluation of all the web tools offered. Computer technology is becoming both more useful and more cost effective for many fields of teaching. And yet only you, the teacher, can determine whether these methods will prove effective in your classroom. Whatever you decide, remember that technology complements, but does not fundamentally alter, the elements of teaching [1].

It is important to acknowledge that students are already interested and engaged in using technology, this creates many amazing opportunities for schools and teachers to benefit from integrating some forms of technology in the classroom and to make teaching and learning more effective. Here are some of the main benefits of using technology in the classroom.

Improves engagement

When technology is integrated into lessons, students are expected to be more interested in the subjects they are studying. Technology provides different opportunities to make learning more fun and enjoyable in terms of teaching same things in new ways. For instance, delivering teaching through gamification, taking students on virtual field trips and using other online learning resources. What is more, technology can encourage a more active participation in the learning process which can be hard to achieve through a traditional lecture environment.

Improves knowledge retention

Students who are engaged and interested in things they are studying, are expected to have a better knowledge retention. Technology can help to encourage active participation in the classroom which also is a very important factor for increased knowledge retention. Different forms of technology can be used to experiment with and decide what works best for students in terms of retaining their knowledge.

Encourages individual learning

No one learns in the same way because of different learning styles and different abilities. Technology provides great opportunities for making learning more effective for everyone with different needs. For example, students can learn at their own speed, review difficult concepts or skip ahead if they need to. What is more, technology can provide more opportunities for struggling or disabled students. Access to the Internet gives students access to a broad range of resources to conduct research in different ways, which in turn can increase the engagement.

Encourages collaboration

Students can practice collaboration skills by getting involved in different online activities. For instance, working on different projects by collaborating with others on forums or by sharing documents on their virtual learning environments. Technology can encourage collaboration with students in the same classroom, same school and even with other classrooms around the world.

Students can learn useful life skills through technology

By using technology in the classroom, both teachers and students can develop skills essential for the 21st century. Students can gain the skills they will need to be successful in the future. Modern learning is about collaborating with others, solving complex problems, critical thinking, developing different forms of communication and leadership skills, and improving motivation and productivity. What is more, technology can help develop many practical skills, including creating presentations, learning to differentiate reliable from unreliable sources on the Internet, maintaining proper online etiquette, and writing emails. These are very important skills that can be developed in the classroom.

Benefits for teachers

With countless online resources, technology can help improve teaching. Teachers can use different apps or trusted online resources to enhance the traditional ways of teaching and to keep students more engaged. Virtual lesson plans, grading software and online assessments can help teachers save a lot of time. This valuable time can be used for working with students who are struggling. What is more, having virtual learning environments in schools enhances collaboration and knowledge sharing between teachers [2].

Having studied all educational Websites resources we came to a conclusion that these resources can be actively used at the lesson:

1 British Council Teaching English

British Council Teaching English website is such a wonderful resource with many videos and blog posts that you can find a lot of information about teaching in particular contexts. This website offers English Language Teaching (ELT) from lesson plans and materials to interesting blog postings about language learning. I use this website a lot with their videos for in-house Teaching Training sessions, particularly related to young learners. This website is now also offering webinars which you could register and watch either live or at a later date. To add to the already abundant resources which you could gain, there are also

the annual seminars which you could attend at the British Council or watch streamed via the internet.

2 Welcome to Teaching English – a site for teachers and teacher educators who are working in schools, colleges, universities or language academies. On Teaching English you'll find lesson plans, tools and activities for your classroom. We have a range of resources to help with your professional development, including training courses, webinars, articles, blog posts, videos, publications, information about events and much more. Our site is free of charge.

3 ISL Collective

There are not many free websites around for lesson material but ISL Collective really is a gem and would highly recommend teachers to consider using this website to seek for lesson ideas or materials. You can search for material based upon grammar focus, skill, level of student or age. Naturally, you have to consider the appropriacy of materials and edit them where necessary but the best thing about this website is that you can download the material in Word format and edit them where you see fit. If you visit other EFL-related websites, much of their material is in PDF format and non-editable. And unless you enjoy the unhappy task of recreating the worksheets, you will not be able to edit the texts [3].

4 Wordle

If you have seen other teachers create words clouds (essentially text generated in an easy to read and quite artistic manner) but do not know how to create such works of vocabulary art, then I would recommend Wordle. I usually use Wordle on a weekly basis to create word clouds and I usually create key vocabulary or a review of vocabulary from the previous day this style of word cloud. It is incredibly easy to create and it generates student interest straight away, as it is usually different to the standard «Do you know this word?» or «Let me explain this word that I have just written up on the board!». You can create an interesting and engaging introduction to key vocabulary by printing out the word cloud and doing the following: students look up words in a dictionary and then write out the definition in their notebook;

- students try to create groups of lexis – usually quite useful if you have a range of vocabulary with different groups (i.e. jobs, verbs, etc);
- look for the words in the text (if it is a reading);
- guess the topic or story.

5 BBC Learning English

«Ожау» – ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15–20 рет қайталау керек.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Алтыбақан» – жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созып жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10–15 рет қайталау керек.

«Тәтті тосап» – жалпақ тілді шығарып жоғары жоғары ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару (10–15 рет қайталау).

«Тоқылдақ» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғары альвеоларға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек.

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді тандайға жапсыру-айыру немесе тандай қағу. Аталған жаттығулардың тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

Қазіргі кезде тіл кемістіктері бар балалар санының артуы байқалуда. Ал, осы кемістіктерді жоюдағы тиімді әдістердің бірі-логопедиялық ритмика, бұл – белсенді терапияның бір түрі. Ол алдымен мынандай мақсат қояды: тіл кемістігі бар балалардың сөзді, әуенді қолдана отырып, сөйлеуін түзетуді дамыту [2, 90 б.].

Логоритмика – қимыл әрекеттерге арналған жаттығулардың жүйесі. Әр түрлі қимылдар арнайы сөздік материалдың сөздерін қайталаумен бірігеді. Ол белсенді терапияның түрі, сөйлеу тілдік немесе тілдік емес психикалық функцияларын дамыту мен түзету жолдарымен сөйлеу тілін және қосалқы бұзылыстарды түзетеді, соңында адамды ішкі және сыртқы ортаның жағдайына бейімдейді. Музыка тек қимыл-әрекетті қолдамай, басқару бастамасы да бола алады. Логоритмика сенсорлық жағдайының, сөз қимылды әрекеттерінің жағымды түрде қайта құрылуы жүреді және тұлғаның ерік-жігер сапалығын тәрбиелейді.

Логоритмиканың мақсаты: дамыта-тәрбиелеу және түзету бағытымен қимыл-әрекет аймағын сөзбен және музыкамен біріктіріп сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын-алу және түзету. Логоритмикалық сабақтарда бірнеше мақсат қойылады:

- артикуляцияның қимылдарын нақытлау;
- фонематикалық қабылдауының дамуы артады;
- сөздік қоры кеңейтіледі;
- қимыл-әрекет есте сақтауы және есту зейіні дамиды;
- жалпы және ұсақ моторикасының қимылдары артады;
- қимыл-әрекетінің нақтылығын, үйлесімділігі қалыптастырылады;
- әуенді-интонациялық және просодиялық компоненттерінің дамуы артады;
- шығармашылық қабілеті артады;

Логоритмикалық сабақтарға саусақ ойындары немесе саусақ массажы, көзге арналған жаттығулар, әуен арқылы әртүрлі бағытта жүру, жүгіру, тапқақ-өлеңнің сөздерін қимыл-әрекетпен көрсету, мимикалық жаттығулар, сонымен қатар әуен арқылы релакция жаттығулары, сөз ұйқастар, әуенді, сөйлеу-тілді ойындар кіріктіріледі. Түрлі ритмикалық қимыл-қозғалыстар адамның ми жұмысын белсендіріледі. Сондықтан, интеллектісі анық дамымаған балалар мен логоритмика сабақтарын ерте жастан бастау керек.

– дыбысты бекітуде және машықтандыруда сөз ұйқастарды қолдану, фонепедиялық жаттығуларды жүргізу. Дыбыс айту қабілетін түзету, көмекейін қатайту және сөйлеу тілі тыныстануын қалыптастыру;

– балалардың жасына сай жалпы моторикасын дамыту жаттығулары.

Бұлшықеттерінің қимылдарын дамыту;

– мимикалық бұлшықеттерін дамыту жаттығулары;

– сөз шешендігін дамыту жаттығулары. Белсенді сөз қорын кеңейту;

Тіл кемістігі күрделі балалармен логоритмика сабақтарын жүргізу:

– Балалардың қимыл қозғалысын қалыптастырады, сымбатын, жүрісін, қозғалысыны түзейді, шапшаңдықтың, ептіліктің, күштіліктің, төзімділіктің дамуына ықпал етеді, кеңістікті бағдарлай білуге үйретеді, сүйек-бұлшықет аппаратын қатайтады.

– тыныс алуды, моторлық функцияларды, есту, көру ынтасын, есте сақтауды, бет мимикасын дамытады.

– ырғақ, қарқынды сезімін, фонематикалық есту.

– еркін тыныстауға, қалыпты жағдайға түсуге көмектеседі.

– жеке тұлғалық қасиеттердің дамуына, ұйымшылдыққа, батылдыққа, өзіне деген сенімділікке тәрбиелейді [3, 63 б.].

Қазіргі таңда, еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі деңсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөпірімдерге көрсетіледі. Осы орайда педагог-психологтың міндеті мүмкіндігі шектеулі балалардың жан айкайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын дамытып, дені сау баламен араласауына жағдай туғызу болып табылады. Тәрбиелеу барысында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп

мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі 16664 бала, жалпы мектептердегі арнайы сыныптардың саны 762 болса, сол сыныптарда – 7582 бала оқып жатыр, ал жалпы мектептерде ешқандай әлеуметтік – психологиялық қолдаусыз оқып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 65 мыңнан асты. Бұл ҚР білім беру саласындағы ауыр мәселенің бірі болып отырғаны ақиқат. Арнайы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде балалалық мүгедектің алдын алу, өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бүкіл әлемдік деңсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдардың қызметінде кемтар балалар мен отбасына ерте жастан қолдау көрсету жетекші беталыс болып саналады. Отандық Ерсарина А. Қ, Жалмұхамедова А. Қ, Сүлейменова Р. А. т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері бойынша ерте жастан кемістікті анықтау және дәл сол кезден кешенді түзету жұмысын бастау, кейіннен бала дамуында басқа ауытқушылықтарды алдын алуға жол ашады. Қазіргі уақытта біріктірудің жетекші мезгілі ретінде жалпы сыныбында пән мұғаліммен қатар екінші арнайы педагогты қосу ерекше оқу орнын ұйымдастыру кең тараған дәстүр. «Шағын-мектеп» сынып құрамы ашылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламамен жүргізіледі.

Сонымен қорыта келе, балаңыздың тіл кемістіктері болса, оны міндетті түрде білікті логопед мамандарына көрсету керектігінің маңызы зор. Өйткені бұл баланың тұлға ретінде дамуына айтарлықтай әсерін тигізеді [4, 10 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қоянбаев, Ж. Б., Қоянбаев, Р. М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2004. – 420 б.
- 2 Өмірбекова, Қ. Қ. Балкыбеков, В. С. Сөйлеу тілінің фонетикалық жағын тексеру және дамыту.-Алматы: Кітап, 2003. – 190 б.
- 3 Саенко, Ю. В. Специальная психология: Учебное пособие. – М. : Академический проект, 2006. – 182 с.
- 4 Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»./под ред. Н.Н.Назаровой.- М:изд центр»Академия», 2004. – 10–11 с.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА КӨМЕКШІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

УБАЙДУЛЛА А. Н.
студент, ПМПУ, Павлодар қ.
КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар әлеуметтік ортамен әрекеттесуде қиыншылықтармен кездеседі, оларда қоршаған ортадағы өзгерістерді қабылдап, талдау қабілеттері төмен болады. Бұл балалардың қоршаған адамдармен қалыпты қарым-қатынас жасау қабілеті де шектеулі, кемістіктің салдарынан. Осыған байланысты арнайы мектептердің маңызды міндеттерінің бірі – әлеуметтік бейімдеу жұмыстары ұйымдастыру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды арнайы оқытуды көмекші техникалық құралдардың орны ерекше. Заман үрдісіне сай жаңа технологияны қолдану бала зейінін шоғырландыруға, танымдық қабілетін арттыруға көмегі зор. Яғни, жаңа компьютерлік технологияны қолдану – жаңа заманның жаңа үлгідегі әдіс-тәсілдері деседе болғандай.

«Мүгедектерді сауықтырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысы. Онда мыналар қарастырылған:

- Мүгедектерді протезді-ортопедтік көмекпен және техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз ету ережелері ;
- Мүгедекті сауықтырудың жеке бағдарламасына сәйкес өз бетінше қимылдауы қиын бірінші топ мүгедектеріне жеке көмекші әлеуметтік қызметін және кереңдігі бойынша мүгедектерге қимыл тілінің маманын – жылына 30 сағат көлемінде беру ережелері;
- Мүгедектерді арнайы жылжу құралдарымен қамтамасыз ету ережелері;
- Мүгедектер мен мүгедек-балаларға шипажайлық-курорттық емдеудің ережелері;
- Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші құралдардың және арнайы жылжу құралдарының тізімі [1, 10 б.].

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»-деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде онтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқытудағы көмекші техникалық құралдар және олардың рөлі

Мүмкіндіктері шектеулі бала – ұзақ уақыт емделуді көздейтін медициналық диагнозы бар бала ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы өз орнын іздеп, білім алуға деген қажеттілігі бар жеке тұлға.

Дәстүрлі педагогикалық технологиялар білім берудің қажетті деңгейін тек жалпы білім беру мекемелерінде оқитын балалар үшін ұсынады. Мүгедектігі бар балалар, денсаулығы шектеулеріне байланысты жалпы білім беру мекемелеріне бара алмайды, басқа балалар сияқты сапалы білім алуға мүмкіндіктері аз болып келеді. Осындай балаларға көмек көрсету мәселесі ұлттық білім берудің алдында тұрған бірқатар мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық және білім беру технологияларын кеңінен енгізіп, мүгедектердің білім беру бағдарламаларына және іс-әрекеттегі іс-әрекеттеріне қолжетімділігін кеңейту қазіргі кезде қолға алынуда. Компьютерді жүйелі түрде пайдалану ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар (бұдан кейін ЕББҚ) үшін болашақ мамандықтың негізі ретінде бастауыш, кәсіби дайындыққа жол ашады, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу үдерісін белсендендіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде арнайы білім беру ұйымдары мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық дамуын ынталандыратын интерактивті такталармен, мультимедиялық білім беру жүйелерімен (Eduplay, Multikid, Sound beam) жабдықталған. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектептерде 46 тифлокомпьютерлер қызмет атқарады. Түзету мектептердің шамамен 95 %-ы Ғаламторға қосылған. Арнайы түзету білім беру ұйымдарының 41 %-ы логопедтік жаттығу құралдарымен, 37 %-ы сөйлеу-есту жаттығу құралдарымен жабдықталған. Тірек – қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған жекелеген қозғалыс құралдары игерілуде. Әрбір түзету ұйымдарында М.Монтессори әдістемесінің элементтері қолданылады [2, 201 б.].

Есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған құралдар.

Саңыраулықта есту аппараты бөлігінің дыбысты қабылдау қызметі бұзылады, негізгі сөйлеу жиілігі 80-85 дБ-ден төмен емес орташа қабылдау шегінде аудиометрдің үнді қабылдауы көбінесе 125–4000 Гц арасында өзгеріп отырады. Бұл есту күйі арнайы апаратсыз баланың сөзді қабылдауына мүмкіндік бермейді. Естімеуі немесе нашар естуі баланы ең маңызды ақпарат көзінен айырады, әсіресе егер ол ерте жаста естуден айырылса сөйлеу және психикалық дамуының тежелуіне әкеледі. Психофизикалық дамуында артта қалушылықты

көрсету дәрежесі әр түрлі себептерге, есту қабілетінің нашарлау уақыты мен ауырлығына байланысты болады. Есту қабілеті ерте бұзылса және ауыр болса баланың психологиясы және сөйлеу тілі тежелуі айқын. Естімейтін және нашар еститін балаларды оқытуда қосымша құрал ретінде сөйлеуді қабылдауын, сөздің дыбыстық құрамын түсінуді жеңілдететін дактилология тәрізді арнайы құралдарды қолдану қажет. Ым-ишарамен сөйлеу оқытудың негізгі емес қосымша құралы ретінде тек естімейтін балаларға қолданылады. Оқу материалын қабылдау есту-көру негізінде аудио визуальды және сурдотехникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Есту қабілеті нашар пайдаланушыларға дыбыстық ескерту сигналдарын экрандық көрсеткіштермен ауыстыру үшін кірістірілген Windows және Mac OS операциялық жүйелерін пайдалануға болады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мамандандырылған немесе бейімдендірілген компьютерлік бағдарламаларды қолдану ұсынылады. Оларды қолдану тиімділігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен жаңа мүмкіндіктерді қолдану дағдысына байланысты. Сондай-ақ мұғалімнің жаңа инновациялық технологияларды енгізуде балалардың мотивациясын арттырып, психологиялық қолайлы жағдайлар туғыза білуі шарт [3, 210 б.].

Церебральды сал ауруы бар балаларға арналған мамандандырылған құрылғылар

Бүгінде көптеген елдерде қозғалтқыштың құнсыздану түріне байланысты церебралды паралики әсері мына форматтарға бөлінеді:

- спастикалық, бұлшық еттер қиындаған кезде (спастикалық), бұлшықет тону жоғарылайды, бірақ сонымен бірге бұлшықеттің беріктігі төмендейді;
- гиперкинетикалық немесе дискинетикалық, егер баланың бақылау жасай алмайтын еріксіз қозғалысы болса;
- атаксикалық – баланың қозғалысы шамадан тыс, келісілмеген және ыңғайсыз;
- аралас – бала спастикалық, атаксия, спастикалық және ацетоз болуы мүмкін.

Сондықтан, әрбір нақты жағдай үшін АКТ жүйесінің өзіндік модификациясын жасау немесе оның мүмкіндіктеріне сәйкес дайын өнімді таңдау қажет.

Осыған байланысты моторлы бұзылулары бар ЕББҚ бар балалар үшін қолданылатын ТҚҚ:

- Арнайы пернетақта (кішірейтілген, үлкейтілген, сенсорлық тақтамен)
- Trackball манипуляторы
- Сенсорлық тақта
- Джойстик
- Электрондық позициялау құрылғылары
- Сенсорлық экран
- Микрофон

Арнайы пернетақта. Пернетақтаны конфигурациялауға мүмкіндік беретін бағдарлама (кездейсоқ пернелерді басу, пернетақтадан меңзерді басқару, командалардың жауап уақытын және қайталауды басқару, түймелер комбинациясын басқару және т.б.). Арнайы пернетақталар шектеулі моторлы функциялары бар адамдар үшін компьютер пайдалану жеңілдету үшін арналған. Түрлі типтегі пернетақта кейбір шектеулерге бейімделген. Үлкен пернетақта – мотор функцияларын ауыр бұзылуы бар адамдар үшін пернетақта. (Спастикалық, үйлестірілген қозғалыстар) жоғары мотор бұзылған адамдар бір уақытта бірнеше пернелерін басу болдырмау үшін, алыс бір-біріне жақын орналасқан ірі кілттері (27–20 mm) бар пернетақта, қажет. Операциялық жүйе функцияларын және дауыспен енгізуді басқару үшін жасалған бағдарламалық жасақтама. Пернетақтан мәтінді теру кезінде сөздерді болжау және аяқтауға мүмкіндік беретін бағдарлама. Виртуалды пернетақта.

Көрмейтін және көру қабілеті нашар адамдарға арналған құралдар. Көру қабілеті нашар адамдарға кәсіби және әлеуметтік-мәдени қалпына келтіру міндеті мамандандырылуға түсетін ақпараттың барынша көп көлемін меңгеруді талап етеді. Электронды кітаптар, журналдар мен газеттер бүгінде қағаз және «сөйлейтін» басылымдармен бәсекелеседі. Көрмейтін және көру қабілеті нашар оқушылар мен мамандар үшін бұл ақпаратқа қол жеткізудің маңызды жолы болды. Ақпаратқа қол жеткізудің баламалы жолдары қажет. Осындай баламалардың бірі – Интернет-ресурстар: электрондық кітаптар, мерзімді басылымдар, сілтемелер, бейімделген бағдарламалар, дыбыстық файлдар, лекциялар және т.б., оларға қол жетімділік көру қабілеті нашар адамдар үшін бар кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді, бұл ақпаратқа кең қолжетімділікті және, демек, мәдениетке, білім беру және байланыс мүмкіндігінің жай-күйі.

Мәтін жақсарту бағдарламалары. Бұл технология көру қабілеті төмен пайдаланушыларға арналған. Экранның ұлғайту жүйелері қарапайым қаріп өлшемін ұлғайту мүмкіндігінен экрандық оқу

модульдерімен бірге жұмыс істейтін күрделі өнімдерге дейін әртүрлі болады. Кескінді ұлғайтудың ең кең таралған және қуатты бағдарламасы ZoomText болып табылады, ол мыналарды қамтамасыз етеді: ақпараттың ұлғаюы, 2-ден 16 есе; экран кеңістігін және оның бөлігін бірдей бірнеше (8-ге дейін) кеңейту терезелерімен бір уақытта жұмыс жасау; ұлғайтылған ақпаратты біркелкі жылжыту, әр зум-терезеде жылжытқанда, түстердің контрастын реттеңіз.

Экранға кіру бағдарламалық құралы. Мониторда көрсетілетін мәтіндік және графикалық ақпаратты дыбыстауды қамтамасыз етіңіз және рельефтік түрдегі мәтіндік ақпаратты оқу үшін Брайль дисплейлерін пайдаланыңыз. Экранға кіру бағдарламалары сөйлеу синтез технологияларына негізделген. Бұл бағдарламалар танымал Windows қолданбаларына және бүкіл дүниежүзілік Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етеді, бұл кірістірілген сөйлеу синтезі және дыбыс картасы арқылы динамиктер немесе брайль дисплейлерінде компьютер экранының мазмұнын көрсету.

Брайль дисплейлер мен принтерлер. Брайль дисплейі – бұл соқырларға Брайль жүйесі рельефтік нышандары түрінде кәдімгі дисплейден мәтіндік ақпаратты қабылдауға мүмкіндік беретін құрылғы. Оның сөзсіз артықшылығы мыналарды қамтиды: соқыр адамға экранды бейнелеу мүмкіндігі, тапсырыс берілген мәтіндерді жылдам оқып білу мүмкіндігі. Брайль принтерлері Брайль рәміздерінде мәтіндік ақпаратты көрсету үшін құрылғылар.

Өкінішке орай, бұл құрылғылар жұмыс істеген кезде үлкен шу шығарады. Соңғы жылдары қағазды үнемдеуге арналған екі жақты басып шығару мүмкіндігі бар. Қазіргі Брайль принтерлері кез-келген мәтін редакторында орындалған мәтіндерді басып шығаруға мүмкіндік береді, брайль құжаттарын басып шығарғаннан кейін бірден пайдалануға дайын.

«Электронды күлгін» типті құрылғылар. Олар – монитор немесе теледидар экранындағы қағаз құжаттары бейнесін жобалайтын теледидар ұлғайтқыштары. Бұл құрылғылар автофокуспен жабдықталған бейнекамерамен, монитормен (компьютер), жылжымалы үстелмен жабдықталған.

Оқу машиналары. Сканерлер, әсіресе оптикалық тану жүйелерімен бірге, соқыр пайдаланушылардың негізгі құралы болып табылады. Оқу машинасы соқыр адамға сөйлеу синтезін қолданып, кез келген жазық мәтінді оқуға мүмкіндік береді. Компьютерде жұмыс істей алмайтын пайдаланушылар үшін ыңғайлы және ыңғайлы – стандартты пернетақта, монитор және тышқан жоқ.

Сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға көмекші құралдар

Сөздің толық немесе ішінара жоғалуы бар адамдардың негізгі мәселесі – қарым-қатынастың шектеулі тәсілі, ой мен қажеттіліктерді білдіру. Арнайы құрылғылар мен жүйелер осындай шектеулерді өтеуге мүмкіндік береді.

Құрылғы «жеңіл қалам». Кішкентай байланыс құралдары. Пернетақта арқылы енгізілген мәтіндік хабарлар екі дисплейде көрсетіледі, олардың біреуі тыңдаушыға, екіншісі динамикке жіберіледі.

Бұдан басқа, хабарлар кіріктірілген сөйлеу синтезаторы арқылы жариялануы мүмкін. Пернетақтаны пайдалана алмайтын тірек-қимыл аппараты бұзылулары бар пайдаланушылар үшін қол сканерін қолдана отырып ақпаратты енгізудің баламалы тәсілі ұсынылған. Жылдам теру пернелері 500 хабарды сақтауға мүмкіндік береді [4, 156 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарова, Н. Н. Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед». /под ред. – М. : изд. центр»Академия», 2004. – 10–11 с.

2 Намазбаева, Ж. И. Психология. Оқулық. – Алматы: Print –S, 2015. – 296 б.

3 Сулейменова, Р. А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. Алматы, 2001. – 320 с.

4 Тілеуова, С. Жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің танымдық мәні // Ізденіс. – № 3. 1998. – 156–160 б.

**АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХЫНЫҢ
ҰҒЫМДЫҚ АППАРАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

УМИРБЕК А. Н.

студент, ПМПУ, Павлодар қ.

КУРМАНАЛИНОВА Р. Б.

п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.

Қазіргі таңда арнайы педагогика ғылымында бірнеше өзекті мәселелер кездеседі. Ол мәселелер арнайы педагогиканың категорияларымен тығыз байланысты. Яғни оларға:

– есту қабілеті бұзылған балалар (керең немесе саңырау, нашар еститін, кеш естімей қалғандар);

– көру қабілеті бұзылған балалар (соқыр, мүлде көрмейтін, немесе нашар көретін);

– сөйлеу қабілеті бұзылған, тіл мүкістігі бар балалар – лагоппаттар;

– интеллектуалды дамуы немесе ақыл-ой, ойлау қабілеті зақымданған, кемақыл (ақыл-ойы, есі кеміс-кемақыл және психикалық дамуы тежелген балалар);

– психикасы мен дене бітімінің дамуы комплексті, күрделі түрде бұзылған (соқыр-мылқаулар); естімейтін-көрмейтін және ақыл-ойы жетілмеген, естімейтін т.б);

– тірек-қимыл аппараты зақымданған балалар;

– педагогикалық өзгерісі бар (жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, тәртібі бұзылған) балалар жатады.

Өкінішке орай, қазіргі таңда дамуында ауытқуы бар балалар саны артуда. Ол балалар арнайы бала-бақшаларда, арнайы мектеп интернаттарында, арнайы сыныптарда және де логопедиялық пункттарда тәрбиеленеді. Демек, мұнда олар арнайы коррекциялық, психологиялық және педагогикалық көмектермен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар өз елімізде де дамуы артта қалған балалар саны және де ақауы бар балалар да аз емес. Осыдан арнайы педагогикада туындайтын мәселелер осы балаларға қолданылатын психокоррекциялы жұмыстар мен педагогикалық әлеуметтік қамтамасыз ету жағдайларының, қазақ тіліндегі оқу құралдарының және техникалық құрал-жабдықтардың аздығы. Жалпы айтқанда, осы негізгі мәселелер, концепциялар сол сияқты теориялар Л. С. Выготскийдің тұжырымдамалары мен салыстырмалы тұрғыда түйінделіп жасалынған. Алайда бұл мәселелерді психологиялық және педагогикалық тұрғыда қарайтын болсақ, дамуында ауытқуы бар балалардың ортамен қарым-қатынасы және олардың оқу барысындағы іс-әрекеті, ерекшеліктері арнайы педагогика ғылымында үлкен сұрақты туындатады. Демек мұндай әр түрлі категориядағы балалармен педагог-психологтардың жұмыс жасауы, олардың деңгейіне сәйкес әдіс-тәсілдердің қолданылуы және олардың таным процесстерінің ерекшеліктерін айқындауы жайында туындайтын сұрақтар арнайы педагогикағылымында қарастырылады. Және де арнайы педагогика ғылымында бұл мәселелер мен қатар теорияның тәжірибе жүзінде қарастырылуы жайында да сөз болады. Осы жайында байсалды жұмыстар XIX–XX ғасырдан бастап жүзеге асырыла бастады. Ал қазіргі кезде арнайы

педагогика ғылымында осы айтылған мәселелерге жауап қайтаратын материалдардың аздығынан туындап отыр. Арнайы педагогика, сонымен қатар дефектология ғылымының бөліміндегі кейбір ғылыми аумақтарды да өз ішіне алады. Демек, психологиялық, педагогикалық және физикалық жағынан артта қалған балаларды өздігімен қоғамдық өмірге және еңбекке баулу; оларды дайындау; жан-жақты үйрету, оларға әр түрлі әдістерді жүргізу, коррекция, компенсация, реабилитация, абилитация жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар оларды оқыту, тәрбиелеу, зерттеу арнайы педагогика ғылымының аумағында қарастырылады [1, 92 б.].

Жалпы қазіргі 21-нші ғасырда педагогтық бағыт күннен күнге ауырлап бар жатыр. Оның себебі неде екені белгісіз? Не жастар талабы қатты? Не мұғалім көп талап етеді? Соның ішінде арнайы педагогикалық бағытқа тоқталсақ. Мемлекетте белгілі қазіргі өсіп жактан балалардың кеміс даму салдарынан түрлі аурулар қатарына ұшырайды. Ал елімізде әрбір тұлғаның құқығы мен еркіндігіне кепілдеме беру арқылы тұлға қызығушылығын қоғам қызығушылығынан жоғары қоятын басымдылық ұстанымы жарияланған. Қазақстан Республикасының ата заңында көрсетілгендей:

Әрбір адам білім алуға құқылы. Оның парызы білім алып, қоғамға үлес қосу. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қатынас мүмкіндігі шектеулі жандардың максималды өз бетімен әрекет ету және қоғамдағы тәуелсіздігіне қол жеткізуді көздейтін әлеуметтік қайта оңалту идеясына негізделеді. Яғни әрбір азамат бұл қоғамда өмір сүрді ме ол сол қалпында қалмай, үлкен бір дәрежеге жету қажет.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім – Қазақстандағы инклюзивті білім берудің өзекті бағыты. Қоғам мен мемлекеттің ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға деген қарым-қатынасты қайта өзгертуі Қазақстандық білім беруді модернизациялау жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға бейімделу стратегияларының механизмін құрастырудың заңды кезеңі болып табылады.

Қазіргі кезде біздің мемлекет нақты инклюзивті білім берудің тек бастапқы сатысында ғана тұр және инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мен ұйымдастыру мәселесі ұйымдастырушылық – құқықтық бағыттағы ғана емес, сонымен бірге ғылыми – әдістемелік бағыттағы шешімдерді де қажет етеді. Осыған сәйкес дамытуда ауытқушылықтары бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, түзету, әлеуметтендіру және оларды қоғаммен ықпалдастыру мәселесінде туындаған ғылыми қызығушылық құралының өзектілігін анықтай түседі.

Арнайы педагогика және арнайы білім беру терминдері заманауи халықаралық теориялар мен тәжірибелердегі жалпы қабылданған ұғымдармен сәйкес келеді. Бірақ бұл сөздер өзара тығыз байланысты.

Ерекше бағыт бойынша арнайы педагогика медицина мен арнайы психология салаларымен тағыз байланыста болатын педагогиканың жеке саласы ретінде қарастырыла бастады.

Арнайы педагогика және арнайы білім беру ұғымдар қазіргі уақытта әлемдік білім беру жүйесіндегі халықаралық педагогикалық теория мен тәжірибегі заманауи гуманистік бағдарлармен сипатталады. Special (ерекше, индивидуалды) ұғымның ағылшынша тібірі осы педагогика саласындағы тұлғалық бағдарды атап көрсетеді. Арнайы педагогиканың объектісі ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға арналған арнайы білім беру үдерісі болып табылады.

Педагогика пәнін арнайы оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесі; қоғамға әлеуметтік бейімделу мен ықпалдасу мақсаты бойынша баланы дамутудағы кемшіліктерін жеңуге бағытталған коррекциялық педагогика жұмысының әдістері, мазмұны мен ұстанымдары құрайды.

Ол мүмкіндігі шектеулі адамдардың дамуы мен білім алу ерекшеліктерін, олардың тұлғалық қалыптасуы және әлеуметтену заңдылықтарын зерттейді.

Арнайы педагогиканың нысаны арнайы оқыту, білім алуда ерекше қажеттіліктерді бар тұлғаларға арнайы білім беруді педагогикалық феномен ретінде қарастыру және кемтал тұлғаның білім алу мәселесін шешуге бағытталған [2, 120 б.].

Арнайы педагогика мүмкіндіктері шектеулі тұлға. Арнайы педагогиканың негізгі мақсаты – дамушы тұлғаны әлеуметтенуге және өзін-өзі қызмет көрсетуге үйретуді кездей отырып, мүмкіндігі шектеулі тұлға үшін маңызды болып саланатын тәуелсіз және өз бетімен өмір сүру және әлеуметтенудің жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Мүмкіндігі шектеулі жандар тұлғалық дамуын, сонымен қатар өсіп келе жатқан адамның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерін жан-жақты зерттеу қажеттілігін айқындап әрі педагогикалық үдерісте олардың өзіндік ерекшеліктерін есепке алуды жүйелі қарастыру педагогиканың жетістіктері болып саналады.

Білім беру мекемесі өз бетінше, арнайы білім беру стандарты негізінде, балалардың психофизикалық даму және жеке мүмкіндігінен шыға отырып, оқу жоспарын және білім беру бағдарламаларын жасайды және жүзеге асырады. Арнайы (түзету)

білім беру мекемесін атқарушы үкіметтің федералды органы (РФ білім министрлігі) РФ субъектісінің атқару үкіметі (басқару, комитет, министрлігі) облыс, өлке, Республика білім беру органдары және жергілікті муниципальды) өзін-өзі басқару органы құрылуы мүмкін. Арнайы білім беру мекемесі мемлекеттік емес болуы мүмкін.

Арнайы білім беру мекемесіне сәйкес құрушы қаржыландырады. Мұндай әрбір білім беру мекемесі тәрбиеленушінің өмірі үшін және оны арнайы білім стандарты аралығында тегін білім алуына конституциялық құқықпен қамтамасыз етуге жауап береді. Барлық балаға қоғамда оқу үшін тәрбиелеу, емдеу әлеуметтік бейімделу үшін жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Арнайы білім беру мекемесінің бітірушілері (VIII түрдегі мектептен шыққан) ценздік білім алады (яғни көпшілікке білім беру мекемесінің білім деңгейіне сәйкес: мысалы, негізгі жалпы білім, жалпы орта білім). Оларға алынған білімнің деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат немесе арнайы білім беру мекемесін бітіргендігі туралы куәлік беріледі [3, 120 б.].

Арнайы мектепке баланы білімді басқару органдары тек ата-анасының келісімімен және психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның келісімі бойынша жіберіледі. Сол сияқты ата-ананың келісімімен және ПМГЖ-ның (қорытындысы) шешімі негізінде бала арнайы мектеп ішіндегі ақыл-есі кем балаларға арналған сыныпқа тек онда бір жыл оқығаннан кейін ауыстырыла алады.

Арнайы мектепке, жалпы білім беру процесі жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық бақылау барысында мұндай балаларды (айқындау) анықтау шарасы бойынша, кемістігі күрделі құрылымды балаға арналған, сынып (немесе топ) құрылуы мүмкін.

Бұдан басқа кез келген түрдегі арнайы мектепте ақыл-есі дамуға бұзылысы байқалған және соған ілесіп жүретін басқа да бұзылысы байқалған балаға арналған сыныптар ашылуы мүмкін. Мұндай сыныпты ашу туралы шешімді арнайы I түрдегі арнайы мектеп (саңырау балалар оқитын) үш деңгейлі жалпы білім беру бағдарламасының деңгейіне білім беру процесін жүргізеді:

1-деңгей – бастауыш жалпы білім беру (5–6 жыл ішінде)

3-деңгей – толық орташа жалпы білім беру (2 жыл ереже бойынша, кешкі мектеп құрылымында)

Елбасы айтқандай, сен мемлекет бөлшегісін, болашақ сенің қолында. Ал мемлекет білімі, денсаулық сақтау орыны, қоғамдық орындарға бағыну сенің міндетің. Қаншама бала елімізде туғаннан қиналып өсіп жатыр. Ал қазіргі жастар ондай затты көтере алмай

ажырасып жатыр. Сондықтан құрметті жастар қауымы еліміз біздің қолда, ешқандай ауырмай сырқамай, арақ-темекі шекпей ұрпағымызды ойлайық. Ол тек сен үшін емес отбасын үшін маңызды.

Қазақстан Республикасының заңдарында адам құқығы саласында негізге алатын халықаралық құжаттарға сәйкес бүкіл әлем балаларының білім алуға құқығының теңдік принципі қарастырылады. Балалардың білім алуға құқығының кепілдік Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «балалар құқығы туралы», «мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогика қолдау көрсету туралы», «Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарында көрсетілген. Баланың өмірі әрбір ата-ана үшін маңызды. Сенің өмірің тек сенің қолыңда. Әрбір азамат бақытты болуға лайықты. Ал қазіргі заман лайқ заманы, сондықтан сол лайққа лайықты болу қажет. Ал мұғалімнің білімін сыйлау, яғни ол адам сіз үшін қаншама еңбек етеді. Қоғам қатарына сізді қосады [4, 10 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әмірова, М. Халық педагогикасы – Асыл мұра. Бастауыш мектеп. Алматы, 1994. – 170 б.

2 Лапшин, В. А., Пузанов, Б. П. Основы дефектологии. – М. : Наука. 1990. – 120 с.

3 Әмірбекова, Қ. Қ. Балқыбеков, В. С. Сөйлеу тілінің фонетикалық жағын тексеру және дамыту. – Алматы: Кітап, 2003. – 190 б.

4 Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»./под ред. Н. Н. Назаровой. – М. : изд центр»Академия», 2004. – 10–11 с.

1.2 Психология ғылымы дамуының мәселелері.

Көшбасшы психологиясы

1.2 Проблемы развития психологической науки.

Психология лидерства

**ВЛИЯНИЕ ТИПА ТЕМПЕРАМЕНТА ШКОЛЬНИКОВ
НА ПОВЕДЕНИЕ В КОНФЛИКТНЫХ СИТУАЦИЯХ**

АЛИЯКПАРОВА К. Н.

студент, ПГПУ, г. Павлодар

ДЕМИДЕНКО Р. Н.

к.б.н., доцент, профессор, ПГПУ, г. Павлодар

В настоящее время психологами уделяется большое внимание изучению влияния особенностей личности на его поведение в случае возникновения конфликтных ситуаций. Для нас представляет огромный интерес изучение подросткового периода, так как именно на этом этапе формируются различные черты характера, которые влияют на поведение личности. В этот период складываются, оформляются устойчивые формы поведения, способы эмоционального реагирования, это пора достижений, обретение новой социальной позиции, стиль поведения в конфликтных ситуациях [1, С. 154]. Возникновение конфликтов, как правило, связано с психологическими особенностями личности, ее поведением и насущными потребностями. Многообразие потребностей составляет источник, мотив деятельности личности, в значительной мере определяет его поведение в конфликте. Особенно ярко это проявляется, если личность наделена значительной властью и возможностью принимать решения [2, С. 98].

Противоречия, конфликты, кризисы, переживаемые учеником, являются источником развития его личности, определяют её конструктивный или деструктивный жизненный сценарий.

Конфликты в жизни отдельных учащихся и школы в целом играют значительную, очень часто негативную роль. Они могут негативно сказаться на процессе обучения, способствовать напряженности во взаимоотношениях в классном коллективе. Для снижения отрицательных последствий конфликтов необходимо уметь правильно выявлять их причины.

В психологии особым образом выделяется задача, заключающаяся в исследовании различных свойств личности, которые формируются

и проявляются в деятельности человека и оказывают влияние на эффективность этой деятельности. Одним из этих свойств является темперамент – центральное образование психодинамической организации человека, преимущественно врожденного характера. Поэтому свойства темперамента наиболее устойчивы и постоянны по сравнению с другими психическими особенностями человека.

Темперамент – характеристика индивида со стороны динамических особенностей его психической деятельности, т.е. темпа, быстроты, ритма, интенсивности, составляющих эту деятельность психических процессов и состояний [3, С. 129].

Динамические черты личности человека выступают не только во внешней манере поведения, не только в движениях – они проявляются и в умственной сфере, в сфере побуждения, в общей работоспособности. Естественно, особенности темперамента сказываются в учебных занятиях. В силу своих особенностей, каждый человек ведет себя определенным образом в конфликтных ситуациях. Как при общении у кого-то поведение устойчиво и агрессивно, кто-то прямолинеен или гибок, так и в конфликтной ситуации, у каждого человека существует так называемый репертуар поведения в конфликтной ситуации.

Именно поэтому мы задались вопросом, оказывает ли тип темперамента учащихся влияние на их поведение в конфликтных ситуациях.

Конфликт (от лат. *conflictus* -столкновение) – столкновение противоположно направленных, несовместимых друг с другом тенденций в осознании отдельно взятого индивида, в межличностных взаимодействиях или межличностных отношениях индивидов или групп людей, связанное с острыми отрицательными эмоциональными переживаниями [4].

Признаки конфликта следующие: - конфликт всегда возникает на основе противоположно направленных мотивов и суждений. – конфликт – это всегда противоборство субъектов социального взаимодействия, которое характеризуется нанесением взаимного ущерба. В основе конфликта лежит конфликтная ситуация, включающая либо противоречивые позиции сторон по какому-либо поводу, либо противоположные цели и средства их достижения в данных обстоятельствах, либо несовпадение интересов, желаний партнеров [5, С. 58].

Эмпирическое исследование осуществлялось в СОШ № 34 г. Павлодара. В нём принимали участие учащиеся седьмых, восьмых,

девятым, десятым классам по 20 человек из каждой параллели. Мы можем утверждать, что наша выборка из генеральной совокупности репрезентативна. Исследование было направлено на выявление связи между типом темперамента учащихся и их поведением в конфликтных ситуациях.

В ходе исследования применялся метод тестирования, для которого были выбраны следующие методики: личностный опросник Айзенка и методика диагностики предрасположенности личности к конфликтному поведению К. Томаса.

Личностный опросник Айзенка применялся для определения основных типов темперамента и качеств личности типа интроверсия – экстраверсия, эмоциональная устойчивость – нейротизм, состоящий из 57 вопросов [6].

После проведения исследований мы выявили, что из общего количества испытуемых преобладающим является сангвинический тип темперамента – 32 %. Личность такого типа характеризуется оптимизмом, активностью, жизнерадостностью. Они без труда преодолевают грусть. Жажда деятельности стимулирует у них инициативу, поиск нового, творческого. Они способны говорить и рассказывать без конца, только бы их слушали. В коллективе такие люди не могут наскучить, с ними интересно. Лица с такими особенностями темперамента часто прекрасно справляются с общественной работой.

К холерическому темпераменту относятся: 28 % опрошенных. Группа учащихся с такими чертами имеет тенденцию глубоко реагировать на отдельные события, впадая при этом то в депрессию, то в эйфорическую крайность. Они могут с одинаковой легкостью впадать в самое мрачное отчаяние и в самое счастливое и мечтательное состояние. Способны испытывать воодушевление, посвящать себя с жаром какому-либо делу, испытывая при этом чувство большого подъема, и немедленно падать духом при неприятных переживаниях.

У 26 % испытуемых наблюдается флегматический тип темперамента. Это сильные, уравновешенные личности, с инертной нервной системой, вследствие чего реагируют медленно, обладают высокой работоспособностью, хорошо сопротивляется сильным и продолжительным раздражителям, трудностям. Настроение стабильное, ровное. При серьезных неприятностях флегматик остается внешне спокойным.

У 14 % школьников выявили меланхолический тип темперамента. Для них характерна слабая нервная система, повышенная чувствительность даже к слабым раздражителям, а сильный раздражитель уже может вызвать «срыв», «стой», «растерянность», «стресс кролика». Повышенная чувствительность приводит к быстрому утомлению и падению работоспособности (требуется более длительный отдых). Настроение очень изменчиво, но обычно меланхолик старается скрыть, не проявлять внешне свои чувства, не рассказывает о своих переживаниях, хотя очень склонен отдаваться переживаниям, часто грустен, подавлен, не уверен в себе, тревожен, у него могут возникнуть невротические расстройства.

Методика К. Томаса предназначена для изучения стиля поведения в конфликтной ситуации. К. Томас выделяет следующие стили регулирования конфликтных ситуаций:

а) соперничество – наименее эффективный способ поведения, выражается в стремлении добиться удовлетворения своих интересов в ущерб другому;

б) сотрудничество – когда участники ситуации приходят к альтернативе, полностью удовлетворяющей интересы обеих сторон;

в) компромисс – как соглашение между участниками ситуации, достигнутое путем взаимных уступок;

г) избегание – (уход), для которого характерно как отсутствие стремления к кооперации, так и отсутствие тенденции к достижению собственных целей;

д) приспособление – означающее принесение в жертву собственных интересов ради другого [7].

В опроснике по выявлению типичных форм поведения К. Томас описывает каждый из пяти перечисленных возможных вариантов двенадцатью суждениями о поведении индивида в конфликтной ситуации. В различных сочетаниях они сгруппированы в тридцать пар, в каждой из которых респонденту предлагается выбрать то суждение, которое является наиболее типичным для характеристики его поведения. Количество баллов, набранных индивидом по каждой шкале, дает представление о выраженности у него тенденции к проявлению соответствующих форм поведения в конфликтных ситуациях.

Сопоставляя результаты тестирования выяснилось, что учащиеся в группе «холерики» тяготеют к проявлению стратегии типа «соперничество». Такая стратегия обязательно предполагает выигравшего и проигравшего. Человек, использующий эту

стратегию, весьма активен и предпочитает идти к разрешению конфликта собственным путем. Такой участник конфликта не заинтересован в сотрудничестве с другими, способен на волевые решения. Важно отметить, что учащиеся из этой группы не прибегают к пассивным стратегиям поведения в конфликтных ситуациях «избегание», «приспособление». Это свидетельствует о том, что такие учащиеся воспринимают группу как помеху своей деятельности или относятся к ней нейтрально. Они уклоняются от совместных форм деятельности, предпочитая индивидуальную работу. Кроме того, учащиеся ведут открытую борьбу за свои интересы в ущерб интересам других.

Учащиеся в группе «сангвиники» тяготеют к проявлению стратегии типа «компромисс». В целом преобладают активные стратегии поведения в конфликтных ситуациях. Такие учащиеся воспринимают группу как самостоятельную ценность. Они ведут открытую борьбу за свои интересы, а также заинтересованы в успехах каждого члена группы, поэтому готовы со всеми сотрудничать. Этот стиль наиболее эффективен, обе стороны хотят одного и того же, но знают, что одновременно это невыполнимо.

Анализируя результаты в группе «меланхолики» мы отмечаем преобладание стратегии типа «избегание» и «компромисс», тяготение к пассивным стратегиям поведения в конфликтных ситуациях. Этот стиль заключается в стремлении выйти из конфликтной ситуации, не решая ее, не уступая своего, но и не настаивая на нем.

В группе флегматики согласно данным можно сделать вывод о том, что у флегматиков в конфликтных ситуациях преобладает приспособленческий тип поведения. Стратегия сглаживания противоречий, в основном, поступаясь своими интересами. Ученик не пытается отстаивать свои права и соглашается делать то, чего хочет другой человек.

У школьников с флегматическим и меланхолическим типами темперамента доминирует стиль поведения в конфликтной ситуации компромисс и уровень конфликтности ближе к среднему. Это означает то, что флегматик и меланхолик действуют совместно с другим человеком, не пытаясь отстаивать собственные интересы. Они могут использовать этот подход, когда исход дела чрезвычайно важен для другого человека и не очень существен для него. Этот стиль используют тогда, когда чувствуют, что, немного уступая, теряют мало.

Таким образом, нам удалось обнаружить влияние типа темперамента на поведение испытуемых в конфликтной ситуации. Учащиеся с холерическим типом темперамента тяготеют к стратегии типа «соперничество». Большинство учащихся с сангвиническим типом темперамента во время конфликтной ситуации прибегают к стратегии типа «компромисс». В целом как для холериков, так и для сангвиников свойственно выбирать активные стратегии поведения.

Учащиеся с меланхолическим типом темперамента тяготеют к стратегии типа «компромисс» так же, как и сангвиники, однако в целом предпочитают пассивные стратегии поведения в конфликтных ситуациях.

Таким образом, проведенное исследование показало, что у большинства испытуемых с определенным типом темперамента наблюдается преобладание определенной модели поведения в конфликтной ситуации. Можно сделать вывод о том, что между типом темперамента и моделью поведения в конфликтной ситуации существует зависимость.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Гришина, Н. В. Психология конфликта. – СПб. : Питер, 2011. – 464 с.
- 2 Анцупов, А. Я. Профилактика конфликтов в школьном коллективе. – М. : Владос, 2003. – 257 с.
- 3 Зинченко, В. П., Мещеряков, Б. Г. Психологический словарь. – М. : Педагогика-Пресс, 1998. – 440 с.
- 4 Козырев, Г. И. Введение в конфликтологию. – М. : ВЛАДОС ИМПЭ им. А. С. Грибоедова, 2015. – 321 с.
- 5 Гиппенрейтер, Ю. Б., Романов, В. Я. Психология индивидуальных различий. – М. : ЧеРо, 2018. – 256 с.
- 6 Психодиагностика: Справочник практического психолога / Под ред. С. Т. Посоховой. – М. – СПб. : Сова, 2005. – 398 с.
- 7 Тест описания поведения К. Томаса (адаптация Н. В. Гришиной) // Психологические тесты / Под ред. А. А. Карелина: В 2 т. – М. : Высш.шк., 2001.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

АСҚАРОВА З. Т.

студент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет, Семей қ.

ЕДИГЕНОВА А. Ж.

п.ғ.к., доцент м.а., Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет, Семей қ.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологияның дамыған заманы деп айтамыз. Біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған смартфондар, яғни ұялы байланыс күннен күнге артуда [1, 60 б.].

Интернет – ақпарат алмасатын негізгі орта. Ақпарат алмасудың жаңа жүйесі ұдайы өзгеріп, дамып отыр. Қазақстанда интернет тұтынушылар саны жыл өткен сайын артып келеді. ҚР Ақпарат агенттігінің соңғы мәліметтері бойынша халықтың 41 %-ының интернет желісін қолданарлық мүмкіндігі бар. Бұқараның интернетті негізгі ақпарат көзі ретінде қарастыру-күллі әлемде қалыптасып отырған үрдіс. Facebook, Vkontakte, және Twitter әлеуметтік желілері Қазақстанда ең танымал онлайн ресурстар [3, 96–98 б.].

Қазіргі ХХІ ғасырда бұл «заманға сай, сәнді, ыңғайлы». Иә, заманнан қалмай, алға жылжуымыз керек. Алайда, уақытымыздың көп бөлігін осы әлеуметтік желілерге жіберетініміз көңіл толқытады. Біз үлкендер тұрмақ, мектеп оқушылардың жайы не болмақ? Ендігі мақсат оларға ұтымды және тиімді пайдалануға үйрету. Әлеуметтік желілердің, жас қолданушылардың айтуы бойынша көбіне олар бір-бірінің фото суреттерін қарап «лайк» немесе «коментарий» жазудан басқа өздерінің білімдерін жетілдіріп, ақпарат алушылар саны өте аз. Біз оқушыларға қаншалықты тиым салғанның өзінде, олар бәрібір қолданады. Бұны біз жоққа шығара алмаймыз. Ендігі орайда, осы мәселені мойындап, тығырықтан шығудың жолын табу. Яғни, олардың қызығушылығын ескере келе білім алушыларға тиімді, ыңғайлы орта құру болып табылады [1, 61 б.].

Қазіргі таңда бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен түсіндіріледі. Ғаламдық ақпарат қоғамының Хартиясында (Окинава) атап көрсетілгендей, «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жиырма бірінші ғасыр қоғамының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Олардың революциялық әсері адамдардың жүріс-тұрысына, олардың біліміне және жұмысына, сондай-ақ үкімет пен азаматтық қоғамның өзара қарым-қатынасына қатысты болып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

әлемдік экономиканың қарқынды түрде дамуына маңызды стимул болып отыр». Көптеген дамыған және дамушы елдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы мен таратылуы алып келетін зор артықшылықты түсініп отыр. Ақпараттық қоғамға қозғалыс-бұл адамзат өркениетінің болашағына жол болатындығы ешкімге де күмән туғызбайды.

Қазіргі заманғы адам интернетсіз өмір сүре алмас десе де болады. Біздің күнделікті өмірге ене отырып, компьютерлік технологиялар дайын ғылыми жасақтамалар мен болашақ жобалардың жаңа идеяларын біріктіретін «көпірге» айналды. Компьютеризация біздің өмірімізге тек жағымды ғана емес, сонымен қатар жағымсыз әсерлерін ендіруде. Ондай жағымсыз әсерлердің бірі - интернетке, соның ішінде жастар арасында кеңінен таралған әлеуметтік желілерге тәуелділік болып отыр. Интернетке немесе әлеуметтік желілерге тәуелділікті ғылымда «Интернет-аддикция» деп атайды екен. Аддиктивті іс-әрекет-интенсивті эмоциялардың дамуымен сүйемелденетін, өзінің психикалық жағдайын кейбір заттарды қабылдап немесе өз зейінін тұрақты түрде белгілі бір заттарға немесе белсенділіктерге (қызмет түрлеріне) шоғырландыру арқылы өзгерту жолымен шынайы өмірден кашуға тырысудан көрінетін деструктивті іс-әрекет формаларының бірі. Бұл үрдістің адамды өзіне тартып алатындығы соншалық, ол оның өмірінің өзін де басқара бастайды.

Аддикция және тәуелділік терминдері отандық ғылым үшін айтарлықтай жаңа терминдердің бірі – бұл терминдер осыдан он жылдай бұрын А. Е. Личко мен Н. Я. Иванов құрастырған «қазіргі заманғы американдық психотерапевтикалық терминологиясы сөздігінде Ресейде қабылданған өзгешеліктерімен» қолданылды дейді. Шет елдерде олар айтарлықтай кең қолданылады. Терминологиялық келіспеушілік жағдайында бір авторлар аддикцияны ауыру ретінде ал тәуелділікті іс-әрекеттің ілеспелі формасы ретінде түсінеді, басқалары қарама-қарсы ойды ұстанса, үшіншілері бұл терминдерді айырмайды немесе оны ретімен жасамайды [4, 110–111 б.].

Әлеуметтік желілер – ермектері бірдей адамдардың интернетте бірігетін қоғамдастық сайттары. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар табады. Бірақ осы сайттар арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар музыка, видео іздеуі де мүмкін. Әлеуметтік желі – бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын вебсайт қана емес, сонымен қатар өз айналасындағы адамдардың тағы да кімдермен байланыста немесе таныс екенін білудің, сондай-ақ, сол арқылы өз таныс-білістігінді арттырудың жолы. Демек,

әлеуметтік – халық, адамдар, топ болса, желі – байланыс, қарым-қатынас. Енді осы жерде «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни, сіз бен біз.

Әлеуметтік желілерге тәуелділік – алғашқы болып өз қызметінде Интернетті пайдаланып, қызметкерлерінде онлайнда отырудан патологиялық құмарлық пайда болатын психологиялық ауру деуге болады.

